

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

**Казахский язык и литература
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

12/2012 ЖЕЛТОҚСАН

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

Зәуреш НҰРЫМОВА.	Қазақ тілін оқытудың тиімді технологиялары.....	3
Әлия ҚАДЫРБАЙҚЫЗЫ.	Қазақ тіліне тән дыбыстармен жұмыс істеуге арналған таблицалар.....	16

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Гүлматан ТЕРЕКБАЕВА.	Абай мен Құнанбай бейнелері.....	22
Айжан АБДРАСИЛОВА.	Бұқар - ел бірлігінің үгітшісі.....	28
Венера ҚАБЫЛҒАЖЫҚЫЗЫ.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Аққу, шортан һәм шаян».....	41
Гүлбақша ШОЛОШОВА.	Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылығы.....	49

Қазақ тілі орыс аудиториясында

Айгүл СЕРІКБАЙҚЫЗЫ, Галина ШЕМИНГ.	Повторение и обобщение знаний по теме «Фразеологизмы».....	54
---------------------------------------	--	----

Қазақстан тәуелсіздігіне - 21 жыл

Алмагүл ШАЯХМЕТҚЫЗЫ.	Тәуелсіздік - тұғырым.....	64
Татьяна ДЖУНУСОВА.	Тәуелсіздік - ел тілегі.....	69
Жидегүл ҚОЙШЫҒҰЛОВА.	Егеменді болмай - ел болмас, Тәуелсіз болмай - жер болмас.....	72
Майпруза НҰҒМАНОВА.	Тәуелсіздік таңы.....	76

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Бақытхан ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	Жалғауларды дұрыс қолдана білу.....	86
Ботагөз СӘРСЕКЕЕВА.	Сөйлеу дағдылары мен Қазақстанның белгілі спортшылары.....	91
Шынар НЕСІПБАЙҚЫЗЫ.	Тіл дамытуда - киіз үй.....	95
Гүлнұр ОМАРОВА.	Ы дыбысы мен әрібі.....	99
Даржан ЕМЕНТАЕВА.	Сын есімді оқыту.....	103
Әлия МҰҚАТАЕВА.	Сын есімнің түрлері.....	106
Индира БАЙМУЛДИНА.	Сөйлем құрататын Астанаға саяхат.....	111
Салтанат ОРАЛОВА.	Етістер.....	117

Сәтті сағат ойыны

Гүлмира ҚИБАТҚЫЗЫ.	Қожа мен жол қозғалысының инспекторлары.....	120
Майра КАРИЕВА.	Қос тіл білу - өмір талабы.....	126

Білім сынағында

Анар ШАЯХМЕТОВА.	Ұлттық бірыңғай тестіге арналған танымдық сұрақтар.....	131
Әлия ЖАРКИМБАЕВА.	Қазақ әдебиеті пәнінен тест сауалдары.....	137

Рухани дүниемізде

Гүлнұр НҰРҒАЗИЕВА.	Қазақтың салт-дәстүрлері.....	140
--------------------	-------------------------------	-----

Зәуреш НҰРЫМОВА,

Ұлықбек атындағы

№3 жалпы орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

Шымкент қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі — мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде, қай заманда болмасын, мектептегі басты тұлға — мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой-танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілін оқыту үдерісі, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру — үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданылып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы (іс-әрекет арқылы) жүзеге асады. Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші. Оқыту барысында білім жүйесі негізінде төмендегідей қойылады:

Оқы, сұрақ қой, түсін.

Түсіндір, болжай біл.

Қолдан, талда.

Салыстыр, жинақта.

Пайымда (бағала).

Өзіңе-өзің сын көзбен қара.

Әр уақытта оқушыларға төмендегі сұрақтар басты назарда болуы ұсынылады.



Тіл жүйесіндегі орыны?

Не үшін қажет?

Пайдалана аламыз ба?

Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
<p>Білім алуға жетелейтін әдіс-тәсілдерді (технологияларды) пайдалану. Өздігінен білім алудың жолдарын ойластыру, ұсыну, әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану. Оқушы еңбегін ұйымдастыра білу. Оқу үдерісін ұйымдастыру, жолдарын ойластыру. Оқушы пікірімен санасу. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Қадағалау, топ жетекшілері арқылы тексеру, бағалау.</p>	<p>Сұрақтар қойып, оған жауап іздеу. Өздігінен білім алуға ұмтылу, жауапкершілікпен қарау. Білім алу үшін қажетті дағдыны өз бетімен қолдана білу. Өз еңбегін өзі ұйымдастыра алу. Бірлесіп жұмыс істеу. Басқаларды құрметтеу. Бір-бірін оқыту, тыңдау, сыйлау. Сөзге тоқтау. Проблемаларды анықтап, өздері шеше алу. Топтың мүддесін қорғау. Өзін-өзі, бірін-бірі бағалау.</p>

VI орыс сыныбында қазақ тілін оқытуда оқу процесін ұйымдастыру жоспары модульдік жүйемен құрылған (М.М.Жанпейісова технологиясы негізінде).

Бұл әдіс оқушылардың теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, өз бетінше ізденуіне жол ашады, танымдық, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында ұжымдық оқыту тәсілін (ҰОТ), топтық технологиясын, профессор Ж.А.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалануға болады. Сондай-ақ тірек-сызбалар көрнекілігі, дамыта оқыту, ойын технологияларын пайдалану арқылы жоғарыда айтылған мақсат-міндеттер іске асырылады.

Мәселен, «Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» грамматикалық, «Менің достарым» лексикалық тақырыптарын модульдік оқыту жүйесі бойынша өтудің реті төмендегідей болды:

Модуль құрылысы. Сабақ тақырыптары	Сағат саны	Сабақ мазмұны және түрі	Уақыты	Игеруге тиісті білім-дағды
<p>I. Кіріспе бөлімі.</p> <p>1. Грамматикалық тақырып: Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.</p>	1-сабақ.	<p>Оқу моделінің құрылысымен таныстыру.</p> <p>Мақсат-міндетті айқындау.</p> <p>Тірек-сызбасы бойынша мұғалім әңгімесі (негізгі мәселелер).</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Бірін-бірі оқыту.</p> <p>Ұжымдық оқыту технологиясы (ҰОТ). Келесі сабаққа нұсқау.</p>	<p>3-5 м.</p> <p>10 м.</p> <p>30 м.</p> <p>2 м</p>	<p>Сөз туралы түсінік.</p> <p>Сөздің тура және ауыспалы мағынасы түрлерін ажырату, негізгі белгілерін білу.</p> <p>Өз бетімен оқып түсіну.</p> <p>Жұптық жұмыс.</p>
<p>II. Диалогтық бөлім.</p> <p>2. Лексикалық тақырып: «Менің достарым».</p>	2-сабақ.	<p>1. Суретпен жұмыс.</p> <p>2. Мәтінмен жұмыс.</p> <p>3. Топтық жұмыс.</p> <p>4. Тіл ұстарту.</p>	<p>10 м.</p> <p>20 м.</p> <p>5 м</p> <p>10 м.</p>	<p>Еркін әңгіме құрау. Баға беру. Мәнерлеп оқу. Өзара сұрақ-тапсырма алмасу. Сөйлем құрау. Сызба бойынша әңгімелеу. Баға беру.</p>
<p>3. Өткен сабақты пысықтау.</p>	3-сабақ.	<p>Шығармашылық тапсырма.</p> <p>Жаттығумен жұмыс. Бекіту.</p>	<p>15 м</p> <p>20 м</p> <p>5 м</p>	<p>Жаттығу.</p> <p>Тура, ауыспалы мағыналы сөздерді табу.</p> <p>Мағынасына қарай талдау.</p> <p>Сызба бойынша сабақты қорыту.</p>

4. Лексикалық тақырып: “Екі дос”.	4-сабақ.	1.Сергіту сәті. 2.Топтық жұмыс. 3. “Бәйге” ойыны. 4.Мәтінмен жұмыс. 5. “Аукцион” ойыны. 6.Шығармашылық тапсырма.	5 м 5 м 5 м 15 м 5 м 10 м	Жатқа жазу. Сөйлем құрау. Мақал-мәтелдер айту. Мәнерлеп оқу. Мәтінді аудару. Мазмұндау. Синонимдер табу. Сөздер мен сөз тіркестерін аудару.
5.Лексикалық тапсырма: “Досымның отбасы”.	5-сабақ.	1.Суретпен жұмыс. 2.Мәтінмен жұмыс. 3.Шығармашылық тапсырма. 4. “Теледидар алдында” ойыны. 5. Жаттығумен жұмыс.	5 м 15 м 10 м 5 м 10 м	Еркін әңгіме құрау. Баға беру. Мәнерлеп оқу. Сөз тіркестерін құру. Өзара сұрақ-тапсырма алмасу. Мұғалім-оқушы Оқушы-оқушы. Сұхбат жүргізу. Тыңдау, баға беру. Талдау.
III. Қорытынды бөлім.	6-сабақ.	Тестік жұмыс. Сынақ.	20 м 25 м	Зерттеу. Білімді саралау.
Бақылау диктанты.	7-сабақ. 8-сабақ.	1.Диктант мәтінімен жұмыс. 2.Шағын шығарма. 3.Қатемен жұмыс. 4. “Сөз мағынасын тап!” ойыны. 5. Шығармашылық тапсырма.	20 м 10 м 25 м 10 м 10 м	Тыңдау. Баға беру. Тірек-сызба бойынша талдау. Талдау. Білімді қолдана білу. Іздену.

Кіріспе бөлімде модульдің құрылысы, мақсаты, міндеттері, сөз, оның тура және ауыспалы мағыналары жайлы тірек-сызбасы бойынша жалпы түсінік беріліп, топқа бөлініп, кеспе қағаздар таратылады.

Әр топ өздеріне берілген тапсырма негізінде төмендегі алгоритм бойынша жұмыс жасайды (топ 4 оқушыдан).

1. Оқулықтағы берілген мәтінді оқу, түсіну, аудару.
2. Мысал ойластыру.
3. Оқығанын ой елегінен өткізу.
4. Өз сызбасын қағаз бетіне түсіру.

II. Жұптық жұмыс. Екі оқушының бірін-бірі оқытуы.
Кеспе қағазының үлгісі.

К. С-1. I.Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Мысал келтіріңдер.

2. 51-жаттығу, 31-бет (6-сынып). Сөйлемдерден сөздердің мағыналарын салыстыру. Оларды теріп жазу.

3. Сөздерді ауыспалы мағынада қолданып, тіркес жасаңдар. *Ауыр, қиын, ыстық, дастарқан, жүрек, қисық, теріс, құлақ, терең, таяз, жуан, сұйық, мұз.*

К. К-1

1. Көп мағыналы сөздер. Мысал келтіру.

2. Мына сөздерден қандай көп мағыналы сөздер туындайды?

Жұқа киім – ... арзан ойыншық –

Ыстық тамақ – сары гүл –

Қымбат дүние –

3. Бас, жол, тіл. Берілген сөздердің мағыналарын тауып, сөйлем құрау.

Кездесу реті.

Жұптық және жұп алмасу.

О с-1- к-1 V Ос-1-к-2 V

О с-2- к-2 V О с-2- к-1 V

О с-3- к-3 V Ос-3- к-5 V

О с-4- к-4 V Ос-4- к-3 V

О с-5- к-5 V Ос-5- к-4 V

Кездесу парағы.

Оқушының аты-жөні	С-1	С-2	К-1	К-2	К-3
Мафтуна Шаира Сәбина Фарух Ұлықбек	О	О	У	У	У

Кездесу парағына белгілеу. Келесі сабаққа: қалауы бойынша жаттығу орындау.

Диалогтық бөлімдегі сабақтарда: сұрақ -тапсырмаларға жауап беру, жекелеген, топтық іздендіру жұмыстарын (жаттығу орындау, реферат, тест сұрақтарын әзірлеу, әңгіме құрау, мәнерлеп оқу, танымдық ойындар құрастыру, сызба дайындау) орындап, ойын, білім бәйгесі сабақтарында бала білімін оқушылық деңгейге дейін көтеруге мүмкіндік туды.

Ал қорытынды бөлімде оқушы білімі тексеріліп, олардың өз-өзін, бір-бірін бағалау арқылы жауапкершілік, өз-өзіне сын тұрғысынан қарау қасиетін дамытуға жағдай жасалды.

Бірлескен ұжымдық іс-әрекетке негізделген оқыту технологиясы тиімді пайдаланылған жағдайда ғана нәтижелі болмақ.

Ол нәтиже:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп алу, сызба, моделін құрастыра алу;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы;
- шығармашылықпен айналысуға талпынысы;
- өзіндік пікір айтуы.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты

ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу — бүгінгі таңның басты мәселесі.

Шылау сөздер. 6-сынып. ТК (техникалық карта).

Мақсаттар жүйесі	Тапсырмалар (диагностика үшін)	Жұмыстың бағыт-бағдары
<p>Шылау сөздер жөніндегі түсінік.</p> <p>Тірек жинақтап, күрделендіре дамыту.</p> <p>Шылау сөздерге тән белгілер.</p> <p>Шылау сөздердің түрлері.</p> <p>Сөйлемдегі шылаулардың тыныс белгілерін білу.</p> <p>Септеулік шылаулар.</p> <p>Жалғаулық шылаулар.</p> <p>Демеулік шылаулар.</p> <p>Ерекшелігіне қарай саралау, қолдана білу.</p>	<p>Оқып шығып, негізгі белгілерін ажыратындар.</p> <p>Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын анықтаңыздар.</p> <p>Тірек-сызбаға түсіріңіздер. Сөйлемнен шылау сөздерді тауып, ерекшеліктерін дәлелдеңдер. Шылау сөздерді (септеулік, жалғаулық, демеулік) қатыстырып сөйлем құраңдар.</p> <p>Демеулік шылаулардың түрлерін ажыратындар.</p> <p>Көркем шығармалардағы (Ш.Мұртазаның «Қыз бен бота» әңгімесіндегі) шылау сөздердің қолданысын зерттеңдер.</p> <p>Топтық тапсырма.</p> <p>Жарыс сабағында қолданылатын сұрақтапсырмалар дайындау.</p> <p>Танымдық ойын құрастыру. Тест сұрақтарын әзірлеу. Көркем әңгімелер немесе ойтолғау жазу.</p> <p>Жақсы сөз — жан азығы.</p>	<p>Сөйлем, оның негізгі белгілері туралы еске түсіру.</p> <p>Сөйлем мүшесі бола алмау себебін анықтауға бағыт беру.</p> <p>Қолданылуы.</p> <p>Мақсатқа назар аудару.</p> <p>Тапсырмалардың орындалуын бақылап, көмек беру.</p> <p>Көркем мәтінді, мәліметті оқыту арқылы сезіміне әсер ету.</p> <p>Рухани дүниесін байытуға жетелеу.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі.</p> <p>Жазба, тест жұмысы арқылы білім, біліктерін саралау.</p> <p>Қосымша түсініктер беру.</p>

Өзіндік әрекетті бағалау жүйесі.

Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
Түсініп оқу. Анықтаманы білу. Жаттығуды орындау (қалауы бойынша). Тыныс белгілерін қоя білу.	Түсініп оқу. Берілген жаттығуларды орындау. Сызба құрастыру. Сөйлем құрау. Қолдана алу. Танымдық ойындар құрастыру.	Сызба бойынша дәлелдеп салыстыру. Тақырыбын қорғай алуы. Тест құрастыру. Зерттеу жұмыстарын ойластыру. Шығармашылық жұмыс.

Модульдік оқыту әдістемесі бойынша жүргізілген оқу үдерісі оқушылардың қызығушылығын арттырады, бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартады, оқушының өз ойын толық жеткізуіне жағдай туғызады, тапсырмалардың қарапайымнан күрделілігіне көшуге ынталандырады.

Білімді жүйелі түрде қабылдау негізінде оқушылардың сауатты сөйлеу және сауатты жазу дағдылары қалыптасады.

Тиімді технологияның бірі – деңгейлеп оқыту технологиясы (профессор Ж.А.Қараев). Деңгейлеп оқыту технологиясы мәтінмен жұмыс, грамматикалық тапсырма, әсіресе, пысықтау сабақтарында өте қолайлы. Бұл әдіс бойынша әр оқушы өзінің біліміне сәйкес тапсырмаларды алып, орындайды. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Қызыл, жасыл, сары түсті кеспелерге немесе қызықтыру үшін «Ертегілер елінде» деген атпен үш кейіпкердің (Алдар көсе, Тазша бала, Қаңбақ шал) салынған суреттеріне деңгейлік тапсырмаларды жазып, оқушыларға ұсынуға болады. Әр оқушы өз деңгейіне сәйкес тапсырманы таңдап алады және келесі жолы барлық тапсырмаларды орындауға қызығып тырысады. Мысалы: I деңгей. Төмендегі жұрнақтарды қосып, сын есім жаса. Мағынасына көңіл аудар: -ны, -ні, -ғы, -гі, *ауызғы бөлме.*

II деңгей. Бос орт көзге берілген сөз бен әріп саны бірдей, қарсы мәнді сөздер тауып жаз.

III деңгей. Сын есімнің түрлерімен (негізгі, туынды, дара, күрделі) қатыстырып, өз айналандағы бір адамның, досыңның не туысыңның сөзбен портретін жаса. Сабақ барысында сергіту сәтінің де маңызы зор. Әсіресе, бастауышта. Орта буындағы сынып оқушылары үшін грамматикалық немесе лексикалық тақырыпқа байланысты өткізілген сергіту сәттері тілді үйретуде атауларды, негізгі түйінді есте сақтауға көмектеседі, өйткені оқытуға тиісті түйіні беріледі. Оқушы ойында не қалса, алдағы жұмыста да солай әрекет қылады.

Мысалы:

1) Қолымызды көтеріп,
Ағаш болып шайқалып,
Жел соқса да тұрамыз,
Өйткені біз – ағашпыз.
Сары, қызыл жапырақ
Төгіледі айнала,
Күзде жапырақ түседі.

(Күз мезгіліне байланысты құрастырылған сергіту сәті, 1-сынып оқушыларына арналған).

2) Қане, ойын бастайық,
Санап алып, көрейік.
Бір дегенде ұшамыз,
ТУ-104-ке отырамыз.
Көзді ашып, бір жұмып
ТМД елдерін аралап
Екі дегенде қонайық.
Машинаға отырайық,
Саяхатты бастайық.
Жолда МАИ көп екен,
Қызметкерлер сақ екен.

Енді жұмбақ сөздердің
Шешуін ойлап табайық.
(ТУ-104, ТМД, МАИ сияқты қысқарған сөздерге
байланысты кұрастырылған сергіту сәті, б-сынып
оқушыларына арналған).

3) Аяқталды тоқсан, міне,

Қазақ тілі сабағы.

Қане, қолды белге қойып,

Бұрылайық оңға біз,

Бұрылайық солға біз.

Әне дыбыс атасы,

Кім айтады: тілдің дыбыс жүйесін

Зерттейтұғын атасын? *(Жауабы: Фонетика).*

А мен О-ны қосамыз,

Сөйтіп әнді саламыз.

Кім айтады: А мен О дыбыстың қай баласы?

(Жауабы: Дауысты дыбыстар)

Санап көріп бәріміз,

Қанша бала атаның

Дауыстап әнін айтады?

(Жауабы: 12 дауысты дыбыс)

Санап көріп бәріміз,

Қанша бала атаның

Қатаң, ұяң, үндісі атанар,

Шулайды үн мен салдыр етіп?

Дауыстылармен буын кұрар

Үш немересі бар атаның

Кім айтады: дыбыстың қай немересі?

(Жауабы: 1 қатаң, 8 ұяң, 6 үнді).

Дауысты мен дауыссыз

Ағайынды болыпты.

Бірге жүріп, бірге тұрып

Үндесіпті бір күні.

Кім айтады атаның бұл қай заңы?

(Жауабы: Үндестік заңы).

(Фонетика саласы бойынша құрастырылған сергіту сәті).

4) Қол, аяқ, бас, көз, мұрын,
Бет, маңдай, таңдай, ерін,
Қас пен шаш, кірпік те бар,
Атап шықтық нелерді?
Адамның дене мүшелері
Адамға қызмет етеді,
Мағына, ұғым береді.
Қолды қалай ұстаймыз?
Баспен қалай ойлаймыз?
Көзбен нені көреміз?
Мұрынмен біз не істейміз?
Көрдiңдер ме, балалар,
Адамның дене мүшелері
Адамға қызмет етеді,
Мағына, ұғым береді.
Атауыш деген сөздер бар,
Тағы маңы, жаны бар,
Іші, сырты, алды бар.
Көмек беріп сөздерге
Жұмсалады сөйлемде.
Мағына жоқ сөздерде
Жұмсалады жетекте,
Мұндай сөздер көмекші
Атауышпен жүреді.

(Атауыш, көмекші сөздерге құрастырылған сергіту сәттері, 6-сынып оқушыларына арналған)

5) Көңіл күйін білдіру
«Әттең» деген – өкіну,
«Алақай» ол – қуану.
«Жә» деген ол – жекіру,
Мұндай сөздер – одағай.
Болады екен тым оңай.

(Одағай сөздерге байланысты құрастырылған сергіту сәті,
6-сынып оқушыларына арналған)

6) Ұстаз сабақ бастады:
- Қане, балалар, тұрамыз,
Әдемі шеңбер құрамыз,
Санамақты бастаймыз,
Сөз таптарын санаймыз:
1, 2, 3, ... 9
9 саны ортада,
Атап айтып бастаңыз:

Зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, еліктеу
сөз, шылау, одағай.

(Сөз таптарына құралған сергіту сәті әрі санамақ)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 3/2003.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы,
5/2010.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті». Орыс тілінде жалпы білім
беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған бағдарламалар.
А., РОНД, 2003, 32-бет.
4. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы
оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002,. 180-бет.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы,
9/2003.

Әлия ҚАДЫРБАЙҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Макинск қаласындағы
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДЫБЫСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ АРНАЛҒАН ТАБЛИЦАЛАР

(1-2-сынып)

Орыс тілді мектептерде қазақ тілін үйретудің өте маңызды бөлігі – қазақ тіліне тән 9-10 дыбысты дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру болып саналады. Қазақ тілін меңгерту оның фонетикасымен танысудан басталады. Әліпбиіміз ұқсас болғанымен, екі тілдің дыбыстары да бірдей деген ұғым тумауы керек.


Сол себептен қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке таблица құрастырдым. Бұл таблицалардағы жүргізілетін жұмыстар, орындалатын жаттығулар жеңілден қиынға қарай біртіндеп көшу ұстанымдарын сақтап құрастырылған және фонетикалық жаттығулар жасағанда ол тән дыбыстардың фонетикасын оқыту үдерісінде өте ыңғайлы.

Әр таблицаның көлемі 60x80 см және берілген материалдар көлемі оқушылардың көру қабілетіне сәйкес шрифтпен жазылған.

Жұмыс түрлері 10 сатыдан тұрады:

1. (Сурет арқылы) жаңа сөз меңгеріледі;

2. Меңгерілген сөздегі таныс емес (тән) дыбысты табу;
3. Жаңа дыбысты дауыстау;
4. Дыбыстың тұрған орынын табу;
5. Дауысты, дауыссыз екенін айыру;
6. Жуан, жіңішкелігін анықтау;
7. Дыбыстың жазылуымен танысу (әріп);
8. Буындап оқу;
9. Жаңа дыбыстың дұрыс айтылуын жаттықтыру (риторикалық жаттығу);
10. Танысқан дыбысқа байланысты тақпақ жаттау.



Ққ

қа – қо – қу – құ – қы

қа – кә қо – кө қу - ку

құ – кү ры – рі қи – ки

Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?!

Торта қойдым.

Орта қойдым.

Орта қойдым.

Жорта қойдым.



Һ

Һа – һо – һу – һы – һү

Һа - Һа Һы - Һі аҺ - ах

Һо - Һо һу - Һу оҺ - ох

жиһаз

Гауһар

Жауһар

айдаһар

қаһарман



ҒҒ

Ға - Ғо - Ғу - Ғы - Ғү

Ға - Ғә Ғы - Ғі ғу - ғү

Ғо - Ғө ғү - ғү Ғү - Ғу

Ға – Ға – Ға

Мен шығамын далаға.

Бір ағашта – төрт торғай.

Бір ағашта – бес торғай.

Барлығы – тоғыз торғай.



Ңң

аң – ең – оң – өң

он – оң ен - ең
ан – аң үң - үң

Анда бар,
Ауда жок.

Шаңда бар,
Шамда жок.



Үү

кү - сү - бү - тү - рү

кү - кү сү - сү үр - үр
гү - гү үн - үн үш - үш

Үшты, үшты

Үшак үшты.

Түз – мүздай.

Мүз – түздай.



Үү

кү - гү - рү - мү - сү

гү - гү үш - үш үр - үр
рү - рү үн - үн үс - үс

Бір, екі, үш.

День – күн.

Біз жинаймыз күш.

Ночь – түн.



Өө

кө - рө - мө - сө - лө

қо - кө ол - өл ос - өс

со - сө он - өң от - өт

Өс - өс - өс,

Бағдаршамда үш көз.

Ақ шар бар.

Көк шар бар.

Төрт шар бар.

Көп шар бар.



Әә

сә - мә - лә - кә - рә

қа - кә ал - әл ән - аң

ға - гә әр - ар ма - мә

Отец - әке.

Бабушка - әже.

Әсетте - бес кәмпит,

Әселде - бес кәмпит.

Барлығы - он кәмпит.



Ыы

қы – ры – мы – ғы – сы

қы – кі ыс – іс ыш – іш

ғы – гі ық – ік лы - лі

Ды – ды – ды,

Қыздар ыдыс жуды.

Сырым далада отыр,
Досы қасында отыр.



Іі

лі – гі – ді – ті – жі – сі

ғы – гі ыс – іс сыз – сіз

қы – кі үз – із ұл - іл

Ті – ті – ті,

Сен аш есікті.

Үйде отыр – екі кісі,
Далада – жеті кісі.
Барлығы – тоғыз кісі.

Гүлматан ТЕРЕКБАЕВА,
Қарағанды облысының
Теміртау қаласындағы
№13 кәсіптік лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙ МЕН ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – М.Әуезовтің «Абай жолы» романымен танысуды жалғастыра отырып, мазмұнына, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне талдау жасау, Құнанбай мен Абайдың өмірдегі шынайы бейнесін таныту, жазушының тіл шеберлігіне талдау жасату. Ақындық, жазушылық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы, сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты берік қалыптастыру; **дамытушылық** – романды оқып талдауға, Абай мен Құнанбай бейнесін аша білуге үйрету; сөз қорын молайту; сын тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту; рухани танымын кеңейту. Жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту. Шебер де шешен, өткір сөйлей білуге машықтандыру; **тәрбиелік** – әңгіме мазмұны арқылы оқушыларды қазақ халқының талантты ақын-жазушыларына, олардың шығармаларына, жалпы, әдебиетке, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке, мейірімділікке, білімге ұмтылуға, салт-дәстүрлерді қастерлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту сабағы. **Түрі:** дәстүрлі, сыни тұрғыдан ойлау. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ауызша

тіл дамыту, проблемалық сұрақтар төңірегінде әдеби талдау, іздендіру, ой қорыту, қойылым көрсету.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, Қазақстан тарихы, информатика. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, компьютер, ноутбуктар, жазушының портреті, «Абай жолы» роман-эпопеясы, романнан үзінді, «Құнанбай» фильмінен үзінді, слайдтар, қойылым, ақын-жазушылардың кітап көрмесі.

Дайындық жұмысы. Оқушылардың дайындығы: Абай мен Құнанбай бейнесі (қойылым).

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Жаңа сабақ.

1) Оқушылардың дайындығы: Абай мен Құнанбай бейнесі.

2) «Ақынды тану үшін, оның туған жеріне барып қайту керек» деген екен ұлы неміс жазушысы Гете.

«Құнанбай» фильмінен үзінді.

3) Өз бетінше интернет желісімен жұмыс.

(Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы айтылған жазушылардың ой-пікірін табу).

4) Оқушылардың іздену жұмысын тексеру.

5) Сіздің пікіріңіз:

а) «Абай жолы» - ұлы шығарма.

ә) Құнанбай бейнесі.

б) Атаның ұлы емес, адамның ұлымын (Абай бейнесі).

III. Рефлексия.

а) Құнанбай бақытты әке ме?

ә) Әкенің бақыты неде?

б) Бір жылдан соң сіздер оқуды бітіресіздер, үлкен өмір жолына аттанасыздар. Осы өмір жолында Абай атамыздың қандай жақсы қасиеттерін таңдар едіңіздер?

IV. Қорытынды.

V. Бағалау.

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау.

VI. Үйге тапсырма.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Оқушылармен сәлемдесу (сынып даярлығын тексеру).
- Сынып оқушыларының сабаққа дайындығын, қатысу деңгейін тексеру (кезекші арқылы түгелдеу).

II. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Әр елде, әр кезде халық анадан халық ұлы болар ұрпақ туады, ол сол халық – анасының есімін, өзінің үздік таланты, өнері мен батырлығын мәңгілікке танытып кетеді. Қазақ халқының сондай ұлдарының бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

*«Абайды Абай еткен – Мұхтар ғана,
Мұхтарды Мұхтар еткен – Абай дана.
Қалайша бас имесің оған, сірә».*

деп Мағжан Жұмабаев жырлап кеткен екен.

Өмір – сахна, адам – актер. Әке Құнанбай мен бала Абай арасындағы диалогті оқушылардың өнерлері арқылы тамашалайық.

1) Оқушылардың дайындығы: Абай мен Құнанбай бейнесі (әке мен бала арасындағы диалог).

Құнанбай: - Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда!- деді.

Абай: - Айтыңыз, әке! – деп, Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

Құнанбай: - Ең әуелі, арзан мен қымбаттың нарқын айырмайсың. Өзіндегі барынды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылынды шашасың. Жайдақсың! Суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басыңа ел үйірмелейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің!

... деді.

Сонда Абай: - Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі, жайдақ суға теңедіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз кәрі-жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір кезде қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «әйт» десе өргізіп, «шәйт» десе жусататын болған. Бертін келе ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып «шөк» десең, аңырап барып қана бұрылады. Ал қазіргі ел бұрынғы көр балалықтан, нашар момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жан ашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айтасыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер – орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма?... Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас...-деді.

Құнанбай тындап болды да, күрсініп қойды. Шарасыздық ажары білінді. Бірақ үн қатқан жоқ. Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да жүріп кетті.

(«Абай жолы» романынан)

Осы сөздерден Абайды әке баласы емес, адам баласы екенін көріп алуға әбден болады. Оның биік мәнсәпті елең көрмей, халықтың жанашыры болуды артық санайтын асыл қасиетін көруге болады. Әке мен баланың сөзінде аз нәрсе тұрған жоқ. Романға үңілсек, біздің көз алдымызға біріне-бірі ұқсамайтын, әрқайсысы өз қалпымен, кескін-кейпімен,

ерекше ішкі сырымен көрінетін бейнелер келеді. Жазушы әке мен бала бейнесі арқылы қазақ халқының ұлттық асыл қасиеттерін тамаша шеберлікпен жеткізеді.

2) «Ақынды тану үшін оның туған жеріне барып қайту керек» деген екен ұлы неміс жазушысы Гете.

«Құнанбай» фильмінен үзінді.

3) Өз бетінше интернет желісімен жұмыс (Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы айтылған жазушылардың ой-пікірін табу).

4) Оқушылардың іздену жұмысын тексеру.

Даңқы өлмес, даусы сөнбес (Шетел жазушыларының ортақ лебізі)

Луи Арагон (француз жазушысы):

– Мен оның (М.Әуезовтің) шығармаларын туған еліме таныстырушы болуды өзіме үлкен абырой санаймын. Эпикалық роман – «Абай», менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиялы мен өрен ой өлкесіне кездіріп талай терең толғаныстар тудырады.

Альфред Курелла (неміс жазушысы):

– Сіз әлі “Абайды” оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымапсыз. Бұл - таңғажайып, бұл – керемет! Қандай тұнық поэзия! Проза формасымен басылған осынау қалың-қалың екі томның өн бойында бір жол қара сөз болсашы.

Камерундық Бенжамен Матип (үнді жазушысы):

– Шынында, бұл қазақтар – неткен ғажайып халық! Осы кереметтік «Абай» романында қандай тамаша суреттелген! Бұл бақытты халыққа мен шынайы көңіліммен қызығамын...

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Абай туралы:

– Абай біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауы тиіс.

5) Сіздің пікіріңіз:

а) «Абай жолы» - ұлы шығарма.

ә) Адамның емес, ата ұлы (Құнанбай бейнесі).

б) Атаның ұлы емес, адамның ұлымын (Абай бейнесі).

III. Рефлексия.

а) Құнанбай бақытты әке ме?

ә) Әкенің бақыты неде?

б) Бір жылдан соң сіздер оқуды бітіресіздер, үлкен өмір жолына аттанасыздар. Осы өмір жолында Абай атамыздың қандай жақсы қасиеттерін таңдар едіңіздер?

IV. Қорытынды.

Ұлан даланың ұлы жыршысы.

Туған әдебиеттері үшін Сервантес, Шекспир, Бальзак, Толстой, Достоевский үлкен іс бітірсе, Әуезов те қазақ әдебиетінде дәл соны бітірді. Өз ұлтын адамзатқа тегіс танымал, рухани туысқан етсе, ұлттық әдеби дамуымызды әлемдік биікке алып шығып, қазақ сөзі мен қазақ пікірін жалпы адамзаттық биікке паш етті. Туған елімізді, жерімізді, тілімізді өліп-өшіп сүйіп өтуде Абай жолынан, Әуезов жолынан таймайық.

V. Бағалау. Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау.

VI. Үйге тапсырма: «Абай жолы» романы бойынша Құнанбай мен Абай бейнесіне синквейн құрастыру.

БҰҚАР – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ҮГІТШІСІ

(9-сынып)

*«Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді».*

Сабақтың мақсаты: 1) ұлы жыраудың өмірі мен қызметі туралы білімін кеңейту және оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері: ұлы бабамыздың еңбектері мен өмірінің кейбір кезеңдерін білуге деген танымдық қызығушылығын арттыру. Топ алдында сөйлей білу қабілетін дамыту.

Оқушылардың шығармашылық жұмысқа деген талабын ынталандыру;

Түрі: іздендіру сабағы. **Әдісі:** ұжымдық, топтық (интерактивті әдіс). СТО стратегияларының элементтері.

Технологиясы: Қ.О.Бітібаеваның «Жаңа білімді меңгеру технологиясы». **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, әдебиет, музыка. **Көрнекілігі:** суреттер, кесінді сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

1. Сәлемдесу.

2. Тіл дамыту.

3. «Ой қозғау» стратегиясы.

(Ұжымдық).

1. Жүйелі сөз жүйесін табады,
Жүйесіз сөз иесін табады.
2. Биі беделсіз болса дау бітпейді.
3. Алыстағы дұшпаннан
Аңдып жүрген дос жаман.
4. Тілде тиек жоқ.
5. Үлгісізден би қойсаң,
Өсиеті болмайды.
Қаһарсыздан хан қойсаң,
Қасиеті болмайды.

4. Кіріспе сөз.

– Рахмет, балалар. Қазір еліміздің өткен ғасырларына көз жіберсек, халқымыздың небір тарихи тұлғаларының өмір жолы, өз заманында халық үшін көрсеткен қызметі келешек ұрпақ үшін қаншалықты зор екендігін көруге болады. Қазақ елі өзінің тарихында талай шерлі заманды басынан өткізді. Сондай қиын кезеңдерде халқына адал қызмет еткен, тарихтың ауыр жүгін халқымен бірге көтере білген азаматтарымыз аз емес. Осындай азаматтарымыздың бірі – аты аңызға, жыры ұрпаққа үлгі болған халықтың адал ұлы – Бұқар баба.

Ендеше, бүгінгі сабағымыз өз заманындағы ірі мемлекет қайраткері, кесімді шешім шығарушы би әрі жалынды жырау және халық алдындағы халықтың өкілі, оның жоғын жоқтаушы Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары туралы болмақ.

II. Жаңа сабақ. «Бұқар – ел бірлігінің үгітшісі».

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Балалар, мен сіздерге өткен сабақтарда алдын ала сіздерді топқа бөліп, Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы жайында зерттеу жұмыстарын

жүргізіп, сол жайында 3-4 минуттық жоба дайындап келіндер деген болатынмын.

- Дайынсыңдар ма, балалар?

II. Жоба қорғау.

Биографтар.

1-оқушы: - «Ұлы тұлға – Бұқар жырау» заманы – қазақ тарихында ауыр кезең. Жоңғар қалмақтары қазақ жеріне басып кіріп, қазақ ордасын шауып, қостарын өртеп, малын тартып алып, халқын алдына салып айдаған 1723 жыл «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған қырғын соғыстан қазақ рулары зар еңіреп, «Елім-ай» деп елін қимай, туған жерін тастап, босып кетті.

Артынан Бұқар мен Абылайдың, Қабанбай мен Бөгенбай сарбаздары қалмақтарды Алтайдан асырып қуып тастап, елін жаудан тазартты. Қазақ елі өзінің ұзақ тарихында шерлі заманды басынан өткерді. Сондай қиын кезеңдерде халқына адал қызмет еткен, тарихтың ауыр жүгін халқымен бірге көтере білген азаматтарымыз көп еді. Осындай азаматтарымыздың бірі – аты аңызға, жыры ұрпаққа, біздерге үлгі болған халықтың адал ұлы – Бұқар баба. Бұқар – өз заманының ірі мемлекет қайраткері, әділ биі, ақылшысы.

Бұқар жырау XVI ғасырдың екінші жартысында 1668 жылы Павлодар облысындағы Баянауылдың сулы да нулы, табиғаты ерекше «Сұңқария» деген жерінде дүниеге келген.

Бұқар жыраудың туған жері – Сарарқадағы Ертістің сол жағында орналасқан, қалың тоғайлы, көгілдір таулары мен Сабындыкөл, Жасыбай, Торыайғыр сияқты көлдерімен көрікті. Бұл жердің байлығы – оның табиғаты.

Жыраудың арғы атасы – Арғын, оның ішінде Қаржас. Қаржастың үшінші баласы – Алтынторыдан Жолымбет, Жолымбеттен Қалқаман туды. Ал Қалқаманнан Бұқар туады.

Жыраудың әкесі – Қалқаман батыр. Ол – Тәуке ханның тоқсан мың қолын басқарған Ақша батырдың сарбазы.

Қалқаман атамыз Павлодардан 90 мың км жерде жерленген.

Қазір ол жер «Қалқаман» деп аталады.

Бұқар жыраудың өзінен Ақдербес, Жарылғап, Жантас есімді балалары тарайды. Бұқар жыраудың ұрпақтары қазір Қарағанды, Астана, Алматы облыстарында тұрады деген мәліметтер бар.

2-оқушы: - Бұқар жырау Қалқаманұлы- қазақтың ұлы жырауы. XVIII ғасырда Жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы.

Жолымбет жас немересі Бұқарға Әнет бабадан бата сұрайды. Сонда Әнет баба қолын жайып:

Есімің Бұқар болсын,

Мінгенің тұлпар болсын.

Дауысың сұңқар болсын,

Ісіңе халқың іңкәр болсын,- деп Бұқар атын беріпті.

Жыраудың жасы туралы мәліметтер әр түрлі. 113 жастан бастап Бұқар жырауды Баянауылдың Далба тауының етегінде мекендеген Тайкелтір би ерекше күтіпті. Ол қысқы соғымын сойып, көктемде ақтың алдын, жаз жайлауда астың дәмдісін беріп, Бұқар жырауды өмірінің соңына дейін күткен дейді.

Бұқар жырау кәрілік жеңіп о дүниеге өтер шағын сезіп, ақырғы жататын орынын айтып, ұзақ толғапты.

«Асанқайғы болған жердің көбінде болдым. Түркістан, Сайран, Ташкент қалаларын көзіммен көріп, Балқаш, Сарарқа, Жетісу жерлерін араладым. Сонда менің көргенім — талай қиыншылықтарды басынан өткізіп, ұлан-байтақ жерге ие болған берекелі елімді көрдім.

Жер мен ел егіз деп демін алып:

Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің,

Ақ тәніңнің қадірін, жаралы болғанда білерсің,

Бостандықтың қадірін, жазалы болғанда білерсің,

Ажарыңның қадірін сәні кеткенде білерсің,
Тіршіліктің қадірін, жан кеткенде білерсің,
Андып жүрген дұшпанды дәл жеткенде білерсің, - деп
Бұқар баба халқымен ақтық рет қоштасыпты.

Өз өтініші бойынша, жырау Арқа халқы мекен еткен
қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарасты
Озерный совхозының «Садық» деген жерінде Баянауылмен
шектесіп жатқан Далба тауының етегінде жерленген.

2-топ. Әдебиетшілер.

1-оқушы: – Бұқар жырау өзінің ұстазы Қожаберген
жырауға арнап «Ұстазым» атты жырын жазады.

«Толыбай сыншы баласы,
Үш жүздің бастап әскерін,
Қазақтың болған ағасы
Қожаберген – ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел» деген.

Ұлы жырау ауыз әдебиеті ғана емес, жазба әдебиетінің
атасы болған. Оны Пекиннен табылған қолжазбалар
дәлелдейді. Қолжазба- 940 жолдық 36 толғаудан тұрады
деген мәлімет бар.

«Бұқар – қазақтардың данышпан ақыны, Абылай атты
ел басшысына ақылшы болған, аздап оқыма жазбасы
болғандығын, қазақ рулары арасынан заң жарлықтарын
шығаруға қатысқан» деген сөздер табылғанын Қытай елінде
тұратын қазақ азаматы тапқан. (Мұхтархан Оразбайұлы мен
зерттеуші ғалымдар).

Бұқар жақсылық пен жамандық, достық, адалдық туралы
құнды пікірлер айтқан. «Жар басына қонбаңыз» деген
өлеңінде:

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса – үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.

Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер,- деп елді бірлікке, адал достыққа шақырады.

Оны «Жиырма бес деген жасыңыз» деген өлеңінен де аңғаруға болады.

2- оқушы: - Бұқар – терең ойлы ақын. «Сөз өнері – дертпен тең» екенін сезініп:

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ,- деп сөз өнерін жоғары бағалаған.

Бұқар поэзиясы – қазақ әдебиеті тарихындағы поэзияның жаңа үлгісі. Ол – қазақ әдебиетінің дамуына ықпал еткен, үлгі өнегеге толы жан.

Бұқар – әрі ақын, әрі шешен, әрі жырау. Оның өлеңі терең мағыналы, нақыл сөздерімен көп ой салатын өсиетті, аталы сөздерге толы. Ол бүкіл өмірін, білімін, дарынын, өмірін адамзаттың асыл арманы үшін сарп еткен.

3-оқушы: - М.Әуезов атындағы әдебиет және тіл институты мың данамен Бұқар шығармаларын жеке кітап етіп шығарды. Онда Академияның қолжазбалар қорындағы толғауларымен қатар Пекинде сақталған асыл мұрасы да жарық көрді. 1997 жылы Ульянов және Тельман аудандары біріктірілгенде аудан ұлы абыздың атымен аталды. Ульянов мамандандырылған бірлестігі мен Озерное селосына Бұқар есімі берілді. Қарағандының сәулетті көшелерінің бірі Бұқар даңғылы деп аталады.

Қарағанды темір жол вокзалының алдындағы алаңда Бұқар жырау ескерткіші ашылды. Бұқар жырау ескерткішінің

авторы – Мұрат Мансұров.

4-топ. Тарихшылар. «Бұқар – ел бірлігінің үгітшісі».

1-оқушы: - Бұқар жырау өз заманының сауатты, ақылды, дана адамы болған. Ол – тек жыр толғап қана қоймай, ел билеу ісіне қабілетті, халық тағдырын шешетін ойлы, әділ әрі жалынды жырау. Сол замандағы елдің бірлігін сақтауға атсалысқан, бірлікке шақырып, жауға қарсы соққы беру соғысын ұйымдастырған.

Бұқар жырау балалық шағынан орта жасқа дейін ел арасындағы дау-жанжалға тікелей ерте араласып, қазылық етіп, тілге шешендігімен, парасаттылығымен көзге түскен. Сөздің жүйрігі атанған Бұқар ханның ең сенімді адамы болған. Оны «Абылай ханның қасында» өлеңінен көруге болады. Содан үзінді:

«Абылай ханның қасында

Бұқарекең жырлайды.

Жырлағанда не дейді?

Соғыспа деп жырлайды.

Соғыссаң кетер сәніңіз...»

«Қазақтың ханы Абылай!» өлеңінде жырау халықтың әлсіз жақтарын байқап, бағдарлап отырған. Абылай хандығын нығайту жолында елдің қорғаныс қабілетін арттыру, батырларды өзіне жақын ұстау керектігін айтып, ақыл-кеңес береді. Мысалы, «Қазақтың ханы Абылай!»:

«Қара Керей Қабанбай,

Қаз дауысты Қазыбек,

Шақшақұлы Жәнібек

Еңбек қылған ел үшін,

Жауда кеткен кек үшін,

Қазақтың абырой- арына

Сарып қылған бар күшін...»

2-оқушы: - Жырау халықты бірлікке шақырып, хан мен халық арасында дәнекер болады. Ол «Басшысыз халық азады, халықсыз хан тозады» деп елдің ел болуын, тыныштығын тілейді. Сондықтан да ол былай дейді:

«Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас,
Ханын қалмақ жаулаған,
Сөйткен қалмақ оңбаған.
Сол қалмақтың құрты- еді-ау
Үш Қарқара, Көктөбе,
Ит те ұлып қалмаған...»

Бұқар жырау Ресей патшалығының күшейіп келе жатқандығын аңғарған. Абылай хан Ресей сияқты елдің қазақ даласына жақын болғандығын қаламаған. Бұқар жырау қазақ Ресейдей империяға қарсы тұрса, тарих бетінен жоғалып кететінін ескертеді.

«Ал тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,...
Өтінемін жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба» деп соғыстың болмауын тілейді.

III топ. Зерттеушілер. «Бұқар есімі – ел есінде».

1-оқушы: - Еліміздің бостандығы мен бірлігі үшін күрескен данышпандардың бірі – Бұқар жырау бабаны халқы есінен шығарған емес.

Бұл жыраудың қазақ тарихындағы орыны ерекше. Мәңгілік есте сақтау үшін көше, аудан, қаланың даңғылы Бұқар жырау атымен аталып, ескерткіштер қойылған. Сондай аудан, қаланың даңғылы, Бұқар бабамыздың ескерткіші біздің қаламыз – Қарағанды қаласында бар.

Бұқар шығармалары 1970 жылы «Алдаспан» антологиясында, 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» деп аталатын үш томдық кітапта басылған. Бұқар жырау туралы аңыз-әңгімелер жарық көрді.

Ақын, жазушы Дихан Әбілов «Бұқар баба» деген арнау өлеңінде:

«Кеп тұрмыз зиратыңа, Бұқар бабам,
Жер ғой бұл мекен еткен ата-бабаң!
Кең жазық, кербез таулар, көк бұлақтар
Тербетіп қабіріңді жатыр, бабам!
Жайлы жат, ақын бабам, ақыл бабам!
Көк таудай көкірегінен аңқылдаған
Жырларың ел-жұртыңның арманы ғой,
Ғасырлар жүйткісе де алқынбаған...» деп жырлайды.

2-оқушы: - Бұқар жыраудың кейінгі ұрпақтары ұмытпай, әр кезде қабірінің басына белгі қойып, туған жылы мен қайтыс болған жылын жазып отырған. Солардың қатарында Әтшар Зейнешов және Алматы тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Нағи Ахметов деген кісілер еді. Алты Алаштың абызы атанған Бұқар бабамыздың:

«Ел иесі құт болса,

Халқы ала болмайды», - деген сөздері еске түседі. Олай болса, біздің елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Бұқар таңдаған жолмен халықты бірлікке, ынтымаққа шақырып, халқына құт-береке әкеліп отырған терең ойлы саясаткер. Ойымды

«Ханның жақсы болмағы –

Қарашаның елдігі.

Қараша халық сыйласа,

Алтыннан болар белдігі» деген Бұқар жырау сөзімен аяқтаймын.

2-оқушы: - Жыраудың моласын алғаш анықтап, басына белгі қойып кеткен – белгілі фольклор зерттеушісі Мәшһүр

Жүсіп Көпеев. Ұлы абыз жерленген Далба тауының етегінде кесене салынды. Кесененің сызбасын жасаған сәулетші А.Сәуменов. Кесене табаны үштаған болып келген, биіктігі 12 метрге жетеді. Ғимарат қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсас келген, себебі кезінде ұлы бабамыз аңсап кеткен үш жүздің, бүкіл елдің бірлігін бейнелейді.

2. Проблемалық жағдаят.

1. - Балалар, Бұқарды неге жырау деп атаған. Жырау мен жыршының қандай айырмашылығы бар?

- Жыршы біреудің шығармасын жаттап айтады. Ал жырау – әрі ақын, әрі шешен болуы керек. Ол, біріншіден, өлеңді өзі шығарады. Екіншіден, сөздері мағыналы, нақыл сөзбен адамға ой салады. Үшіншіден, терең ойлы пікір айта білу керек. Міне, осы қасиеттердің барлығын біздің бабамыз Бұқар жырау Қалқаманұлының бойынан көруге болады. Абыз атамыз – әрі жырау, әрі жыршы.

Қазір біз Бұқар жырау толғауларын оқып, танысамыз. (Абылай ханның қасында. Қазақтың ханы Абылай! Жар басына қонбаңыз. Жиырма деген жасыңыз.) Аудармасы. Поэзия, Жырау. Алма-Ата, «Жырау» 1987.

1. - Өлеңдерінде қандай нақыл, ақыл өсиет айтылады? Жар басына қонбаңыз, дауыл соқса – үй кетер. (ақыл) Жаманмен жолдас болсаңыз, көрінгенге күлкі етер. (мақал)

Жиырма деген жасыңыз, ағып жатқан бұлақтай. (теңеу)

-1. Өлеңдерінде қандай тақырыптар сөз болады?
- Өлеңдері өмір жайлы, ел бірлігі, ел тағдыры жайында айтылады.

- 2. Өлеңдерінде кімдердің аты аталған?

- Өлеңдерінде Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырлардың аты, Қожаберген жыраудың есімі аталған.

- 3. Абылай хан және оның батырлары күшін не үшін жұмсаған?

- Елі, жері үшін, халықтың бостандығын қорғау жолына бар күшін жұмсаған.

III. Кітаппен жұмыс.

1) Жаңа сөздер.

Жар – берег, обрыв, яр;

Жанжал – спор;

Жала – клевета, ложное обвинение;

Айырылысу – раставаться, разводиться;

Соғысу – воевать.

а) Тізбектеп оқу.


б) Орфографиялық, орфоэпиялық жұмыс.

2. Кітаппен жұмыс.


А) Толғауларын оқу.

Б) Аудару.

3. Кластер құрастыру.



4. Толғауларының негізгі ерекшеліктері – ел бірлігін дәріптеу. Батырлықты дәріптеу. Нақыл, мақал-мәтелдер.



5. III. Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгейлік тапсырма. Кестені толтырыңдар.


Бұқар жырау кім?	Туған жері	Қай ғасырда өмір сүрген?	Толғаулары	Бұқар туралы аңыз-арнаулар	Бұқар ескерткіштері

II деңгейлік тапсырма. Тірек-кесте (сөз, сөз тіркестері, сөйлем құрау)

1. Жырау-
2. Жыршы-

III деңгейлік тапсырма. Бұқар жырау қандай адам? (мінездеме)

IV деңгейлік тапсырма. Жыраудың ата тегінің таралу жолы.



6. Топтастыру.

Бұқар жырау – жыршы, мемлекет қайраткері, дипломат, әділ би, Абылай ханның ақылшысы, жалынды жырау, шешен, халқымыздың адал ұлы, ұлы абыз.

7. Қорытынды.

Бұқар – терең ойлы саясаткер, білімді жырау. Абылай ханның беделін көтеріп, халықты ханның айналасына жинай білген.

Заманының сыншылары оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөздер шығады.

Толғаулары: «Күллі әлемді жаратқан», «Он сегіз мың ғаламды жаратқан», «Керей, қайда барасың?», «Әлемді түгел көрсе де», «Ай, заман-ай, заман-ай», т.б.

1993 жылы республика дәрежесінде Бұқар жыраудың туғанына 325 жыл толуына байланысты және бабаны мәңгі есте сақтау үшін зиратының басына кесене-ескерткіш салынып, үлкен ас берілді. Бұқар бабамыздан қалған асыл сөз бен толғауларынан бүгінгі күнде еліміздің біртұтастығын, бірлігін көріп отырмыз.

Сабағымызды қорытындылай келе, балалар, «Еліңнің

ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақ мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Ойымды «Жердің де, елдің де иесі – өзің екенін ұмытпа!» деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағым келеді.

VII. Бекболат Тілеуханның «Елім менің» әнін тыңдау.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма: «Бұқар жырау бабамыздың толғауларынан өзіме қандай мирас алдым» тақырыбына эссе жазып келу.



Венера ҚАБЫЛҒАЖЫҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН»

Сабақтың мақсаты: мысал жанры туралы түсінік қалыптастыру. **Міндеттері:** білімділік – қазақ халқының біртума ұлы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орынын таныту; **дамытушылық** – оқушылардың әдебиет білік-дағдыларын: ауызша сөйлеуін, мәнерлеп оқуын, түсініп оқуын, өз ойын жүйелі айта білуін, шығарманы талдай алу және шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасын үлгі ете отырып, білімге, ізденімпаздыққа баулу. Мысалдың мазмұнын айқындай келе, ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелеу. Бейбіт өмірдің тірегі

ынтымақ, бірлік, татулық екендігін ұғындыру.

Түрі: біріккен сабақ, қазақ тілі, информатика. **Әдістер:** түсіндіру, әңгімелеу, іздендіру, талдау, өздігінен білім алу, көрініс, салыстыру, жеке және топтық жұмыс, суретпен жұмыс, сөзжұмбақ шешу, тест.

Сабақта қолданылған технологиялар: ақпараттық-коммуникативтік технология, ойын технологиясы, сырттан тұрғыдан ойлау технологиясы. **Көрнекілігі:** компьютер, тақта, А.Байтұрсынұлы мен И.А.Крылов портреттері, тірек-сызбалар, мысал бойынша берілген сюжеттік сурет-слайдтар, үй жұмысы бойынша оқушылар жасаған алғашқы көрсетілімдерге, көрініске арналған киімдер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс әдебиеті, информатика.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен амандасу, сабаққа даярлығын тексеру.
2. Кезекшінің анықтамасы.
3. Информатика кабинетінде жұмыс істеу ережелерін қайталау.

II. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру:

- Балалар, бүгін біз сабақта қазақтың дарынды ақыны, аудармашы, педагог-ғалым А.Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» мысалымен танысамыз.

Ауызша сөйлеу, мәнерлеп оқу, шығарманы талдай алу және шығармашылық қабілеттерімізді дамытамыз. Мысалдың мазмұнын айқындай келе, өмірдің тірегі – ынтымақ, бірлік, татулық екендігін түсінесіңдер.

III. Үй тапсырмасын тексеру.

Берілген тапсырмалар бойынша оқушылар 3 топқа бөлініп жауап береді.

I топ – А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы. /алғашқы көрсетілімдер/

II топ – Мысал деген не? /тірек-сызбамен жұмыс/

III топ – «Қасқыр мен тырна» мысалы. /көрініс қою/

I топтың оқушылары А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы өздерінің дайындап келген алғашқы көрсетілімдерін қорғайды.

II топ жалпы мысал жанры туралы айтып, А.Байтұрсынұлының мысалдарына, аудармашы ретінде қандай орыс ақынының мысалдарын аударғанына тоқталады.

III топ «Қасқыр мен тырна» мысалы бойынша көрініс дайындап, шығармашылық жұмыстарын ортаға салады.

Көрініс қою.

IV. Жаңа материалды түсіндіру:

- Бүгінгі сабақтың айдары: ***«Жұмыла көтерген жүк жеңіл».***

- Бұл мақалды қалай түсінесіңдер?

- Сендер тек жұмыла, бірге жұмыс жасау арқылы сабақтың мақсатына жетесіңдер.

Бүгінгі сабақта барлығымыз бірлесе отырып жұмыс атқарамыз.

– Ахмет Байтұрсынұлы И.Крыловтың неше мысалын аударған?

– А.Байтұрсынұлы И.Крыловтың қырық мысалын аударған.

– Мысалдар жинағы қалай аталады?

– Мысалдар жинағы «Қырық мысал» деп аталады.

– Ол кітап қай жылы, қайда басылған?

– Ол кітап 1909 жылы Петербургте басылған.

– Сонымен, А.Құнанбайұлы мен А.Байтұрсынұлы – мысал жанрын қазақ әдебиетіне енгізуші аудармашы-ақындар. Осы адамдардың арқасында мысал жанры қазақ әдебиетіне еніп, дамыған жанр.

- Өздерің анықтағандай А.Байтұрсынұлы – белгілі аудармашы.

Аударма – қиын жұмыс. Жай аударма емес, өлең сөзді аударма өте қиын, әсіресе, мысалдарды аударуда ақынға шеберлік өте қажет.

Түпнұсқадан, автордың айтар ойынан алыстап кетпей, өз оқырмандарына ұғынықты етіп жеткізу айырықша шеберлікті, даналықты талап етеді.

Бүгін біз А.Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» мысалымен танысамыз.

- Мысал орысша қалай аталады?
- Бұл кімнің мысалы?
- Біз бүгін осы мысалдың қазақша нұсқасымен жұмыс жасаймыз.

1. Жаңа сөздерді игеру:

- оқушылар құлаққапты киіп, сөздерді аудармасымен екі рет тыңдайды;

- әр сөзді тыңдап болған соң қайталайды;

- сөздердің аудармасын орынына дұрыс қояды.

Компьютерде жаңа сөздер берілген, ал аудармасының орындары ауысып жазылған. Тінтуірдің көмегімен төмендегі сөздердің аудармасын орынына қою керек:

шаян – рак;

мәз болмады – не были рады;

шортан – щука;

гибрат – назидание, пример;

аққу – лебедь;

әуелі – сначала, сперва;

жесіліп – впряглись;

бірлік – единство;

тартты – тянули;

айтқанына көнбеу – не слушаться;

кейін – назад;

ынтымақсыз – без согласия;

машақат – трудность;

ісің оңбас – на лад твоё дело не пойдёт.

2. Мысалмен жұмыс.

- Енді мысалмен танысалық. /Өлеңді оқушылар құлаққаптарын киіп, компьютерден тыңдайды. Тыңдап болған соң мәтінді оқиды./

Тақтада мысалға байланысты суреттер шығады.

Мұғалім мысалдың әр шумағын оқып, оқушылармен бірге суретке қарап талдайды.

«Аққу, шортан һәм шаян» мысалында бір затты үшеуі үш жаққа тартып, орынынан қозғай алмаған аққу, шортан, шаянның әрекеті баяндалады.

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,

Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.

Тартады Аққу – көкке, Шаян – кейін,

Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін,- деп басталатын мысалдың өне бойынан аудармашы ақынның шеберлігі анық сезіледі. Аудармада мін жоқ. Аударма емес, қазақтың төл тұрмысынан алынып жазылған өз өлеңі тәрізді. Мысалдың соңынан Ахмет Байтұрсынұлы оқырманына осы оқиғадан шығатын өз қорытындысын ұсынады.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі, бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Ақынның өз жанынан қосқан бұл түйінді ойы көпшілікке түсінікті әрі нақты өнеге береді.

Ахмет Байтұрсынұлының орыс мысалдарын аударудағы негізгі ерекшелігі – осында. Яғни, ол орыс тұрмысынан алынған оқиғалардың өзін қазақ тіршілігіне соншалықты жақындатуға тырысады және сонымен бірге әрбір мысалдың соңында авторлық қорытындысын беріп отырады.

3. Мәнерлеп оқу. Мысалды қазақ тілінде екі қатардан екі оқушы мәнерлеп оқиды.

4. **Ойын. «Кім жылдам?».** Мысалдың орыс тіліндегі аудармасы берілген, ал қазақ тілінде мысалдың әр жолы құрақ қағаздарға жазылған. Оқушылар екі топқа бөлініп, I топ 1,2, II топ 3,4-шумақ құрақтарды жинап құрастырады.

5. **Сөзжұмбақ шешу.** Сөзжұмбақты шешкенде тігінен **МЫСАЛДАР** деген сөзді оқуға болады.

			М	ы	с	а	л												
қ	ұ	м	Ы	р	с	қ	а												
			С	а	з	а	н												
		б	А	й	т	ұ	р	с	ы	н	ұ	л	ы						
к	р	ы	Л	о	в														
б	а	л	Д	ы	р	л	а	р											
			А	қ	к	ө	л												
т	о	Р	ғ	а	й														

1. «Басня» сөзінің аудармасы.
2. Кішкентай жәндік.
3. Балық.
4. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалының авторы.
5. Орыс ақыны, мысалшы.
6. Су жәндігі.
7. А.Байтұрсынұлының туған жерінің қазіргі атауы
8. А.Байтұрсынұлының туған жері.

V. Білімдерін бекіту. Тест.

Тест жұмысы компьютерде орындалады. Сұрақтарға жауап беріп болған соң қорытындысы бірден шығады.

1. А.Байтұрсынұлы кім?

а/ ғалым, ақын; ә/ күйші, сазгер; б/ академик, жазушы.

2. А.Байтұрсынұлы қай жылы туды?

а/ 1897; ә/ 1902; б/ 1873.

3. Оның қандай шығармалары бар?

а/ «Қыс», «Жазғытұры»;

ә/ «Әке мен бала», «Асан мен Үсен»;

б/ «Қырық мысал», «Балаларды оқуға шақыру».

4. Мысал дегеніміз не?

а/ өлеңмен жазылған аллегориялық шығарма;

ә/ тарихта болған адамдар туралы шығарма;

б/ ертеден келе жатқан халық даналығы.

5. Ақын кімнің шығармаларын аударды?

а/ И.Крылов; ә/ С.Есенин; б/ М.Горький.

6. Ынтымақ сөзінің синонимін тап:

а/ қиындық, машақат;

ә/ бірлік, татулық;

б/ достық, жолдастық.

7. «Қырық мысал» кітабы қай жерде басылып шықты?

а/ Торғайда; ә/ Алматыда; б/ Петерборда.

V. Жазба жұмысы.

Енді мына сөздерге назар аударыңдар, мұнда адамның әр түрлі қасиеттері жазылған. Сендер қалай ойлайсыңдар, біздің қоғамымызға қандай адамдар қажет? Кәне, мына қасиеттерді оқып, қажеттісін белгілейік:

1) еңбекқор;

7) ақылды;

2) әдепсіз;

8) залым;

3) мейірімді;

9) өз Отанын сүйетін патриот;

4) ақылсыз;

10) еріншек;

5) жалқау; 11) сауатты;

6) дарынды; 12) білімді.

- Сендерден де осы қасиеттерді көремін деп ойлаймын.

VI. Қорытындылау.

- *Мысалдың аты:* «Аққу, шортан һәм шаян!

- *Авторы* – А. Байтұрсынұлы.

- *Аллегориялық образы:* аққу, шортан, шаян.

- *Балалар, олар қайда өмір сүреді?*

- Олар суда өмір сүреді.

- *Олар не істемек болды?*

- Олар жүкті тартпақшы болды.

- *Олардың жүктері неге қозғалмады?*

- Өйткені олар бір бағытқа емес, әр жаққа тартты.

- *Ал, егер олардың бірі күшті болса, не болмақ?*

- Егер олардың бірі күшті болса сол тартып кетер еді.

- *Сонда ақын бұл образдар арқылы қандай адамдарды бейнелеп отыр?*

- Ақын бұл образдар арқылы ақылсыз, тату емес, ынтымағы жоқ адамдарды бейнелеген.

- *Мұндай бейнелеу қалай аталады?*

- Мұндай бейнелеу аллегория деп аталады.

- *Мысалда түйінді ой болады дедік, ол не?*

- Түйінді ой дегеніміз – ақынның айтар өсиеті.

- А.Байтұрсынұлының мысалынан түйінді ойды кім тауып, оқып береді?

Жігіттер, мұнан зибрат алмай болмас,

Әуелі, бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

- Сонымен, мысалда түйінді ой шығарманың басында немесе аяғында беріледі. Мысалдың міндетті түрде тәрбиелік мәні болады. Ол түйінді ой арқылы ашылып, айқындалады.

- Мысал бізді неге шақырады?

- Мысалдың тәрбиелік мәні – балаларды бірлікке,ынтымаққа шақыру. Ақынның айтар ойы, өсиеті де – осы.

- Сендер біріге жұмыс жасап, өз білімдеріңді көрсеттіңдер. Бірге жұмыс атқарғандықтан барлығыңа баға қоямын. Талаптарыңа нұр жаусын!

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: мысалды мәнерлеп оқу, түйінді ойды жаттау.



Гүлбақша ШОЛОШОВА,
Орал қаласындағы
№32 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – әйгілі ақын, Халық жазушысы Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылығы туралы деректер беру, ақындық ерекшелігіне тоқталу; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық, біліктілік деңгейін көтеру, ой-өрісін арттыру, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін дамыту; **тәрбиелік** – ақынның өмір жолын, ерекше дарынын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, адамгершілікке, сөз өнеріне мақтанышпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, топтастыру, іздендіру, тұжырым жасау. Венн диаграммасы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі: Амандасу, оқушыларды түгелдеу.

II. Ұй тапсырмасын тексеру:

1. Т. Молдағалиевтің өмір жолы;

2. Ақын поэзиясындағы сыршылдық;

3. Ана мейірімі туралы өлең;

4. Т. Молдағалиевтің қазақ әдебиетінде алатын орыны.

Т.Молдағалиев поэзиясы: Өлең-жырлары, Аудармалары,

Өлеңдері (әнімен).

III. Жаңа сабақ. Ой қозғау.

Қазақ осы – дала дейтін, күн дейтін,

Қазақ осы – “өнер алды - тіл” дейтін.

Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба,

Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін!

1. Қазақтарды шетелдіктерге таныстырған қай ақын?

2. Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра!- деп жырлаған ақын кім?

3. Ана тілі туралы қай өлең алдымен еске түседі? Авторы

кім ?

Эпиграф: Қадырды білмейтін қазақ әсте жоқ. Қадырды әлі әріп танымаған бүлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі.

Өзін білмесе де сөзін біледі.

Әбіш Кекілбаев.

Сөздік:

Ұлттық сипат – национальный характер;

Ақылгөйлік – назидательство;

Көз жетеді – убеждаешься;

Сүйсіне отырып – с любовью;

Өкіну – жалеть;

Таңғалу – удивляться;

Кінәламайды – не обвиняет;

Меңзейді – указывает.



Шығармалары: «Жаңғалақтар», «Алуан-палуан», «Сабақ», «Ой орманы», «Дала дидары», «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Домбыра», «Күміс қоңырау» (50-ден астам жыр жинақтары).

Драматургиясы: «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан», «Жаралы жолбарыс», т.б.

Аудармалары: Руми, Гейне, М.Лермонтов, С.Есенин, Ш.Петефи, Р.Гамзатов, О.Сүлейменов.

- 1966 «Ой орманы» өлеңдері жинағы үшін Қадыр Мырза Әлиге Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді.
- Ал 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.
- 1996 жылы Халық жазушысы атағын алды.
- 2001 жылы тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы Қадыр Мырза Әли әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Монғолияның халықаралық «АВБЯС» сыйлығын алды.
- 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір топтамасы орыс тілінде

басылып шықты.

Өлеңді оқып, талдау.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,

Бірдей екен жақсысы жаманымен.

Бір жаманы – тынымсыз көше берген,

Бір жақсысы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,

Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.

Бір жаманы – кетпенге орашолақ,

Бір жақсысы-найзагер, мерген екен.

Бір жаманы – кешігін әліппе ашқан,

Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.

Бір жаманы – қыздарын малға сатып,

Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,

Бірде тоңып суықта, бір мұздаған.

Бір жаманы – сонда да үй салмаған,


Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған.

Сұрақтар:

1. Өлең не туралы?
2. Осы өлеңде қай кезең суреттеледі?
3. Ақын өлеңінде нені жырлайды?
4. Осындай мінез кімге тән?
5. Ақын аталған екі сипатқа қалай қарайды?

Венн диаграммасын құру:

Жақсы Жаман



Тапсырма: Өлең мазмұнын қара сөзбен түсіндір.

Күншілдер өледі-

Сұлулар өледі-

Көңілін от қарып.

Құшақта тұншығып.

Батырлар өледі-

Арғымақ өледі-

Борышын атқарып.

Артында шаң қалып.

Бұзықтар өледі-

Ақындар өледі-

Пышаққа құлшынып.

Бәріне таңғалып!

Денгейлік тапсырмалар: Оқулықпен жұмыс.

1-топқа: 2,3,10-тапсырма.

2-топқа: 4,5,6-тапсырма.

3-топқа: 8,9,11-тапсырма.

IV. Бекіту.

Қ.Мырза Әли қай жерде білім алған?


Тұңғыш өлеңдер жинағы қалай аталады?

Қ.Мырза Әли алғашқы кезде қандай ақын ретінде танылды?

Қандай жыр жинақтары бар?

Оның поэзиясында үнемі алда жүретін не?

Қадыр Мырза Әлидің қазақ әдебиетінде алатын орыны?



V. Үйге тапсырма: Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылығы. Өлеңдерінен үзінді жаттау. Қадыр Мырза Әлидің даналық сөздерін іздеп, теріп жазу.

Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Бақыт деген – досыңның табағында,

Бақыт деген – домбыра шанағында.

Бақыт деген – өзіңнің босағанда,

Бақыт деген – халықтың қабағында.

Көзінің тірісінде-ақ елінің төрінде, халқының көңілінде болып, өз бағасын алған Қадыр – бақытты ақын.

Айгүл СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
Галина ШЕМИНГ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Есіл ауданындағы
«Покровка» орта мектебінің
мұғалімдері.

ПОВТОРЕНИЕ И ОБОБЩЕНИЕ ЗНАНИЙ ПО ТЕМЕ «ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ»

Тип урока: урок повторения и обобщения знаний.

Цель урока: обобщение, систематизация и закрепление знаний по теме «Фразеологизмы»; **обучающая** – научить применять в речи фразеологизмы; **развивающая** – повысить интерес к предмету при помощи игровых форм, различных методов и приемов, развивать активность, находчивость, способность логично мыслить; **воспитательная** – воспитать любовь и уважение к языкам.

Методы: частично-поисковый, самостоятельный, практический, метод контроля и самоконтроля,
формы: словесный прием, письменная, фронтальная, индивидуальная, групповая работы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Организационный момент.

– Қайырлы күн, құрметті қонақтар, балалар! Бүгінгі біздің ашық сабағымызға қош келдіңіздер! Қатысушылармен таныстырып шығайық.

– Здравствуйте, уважаемые гости и ребята! Мы рады приветствовать вас на нашем открытом бинарном уроке и представляю вам учителя казахского языка Айгүль Серикбаевну Жамалиеву.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі Галина Эвальдовна Шеминг және 6-сынып оқушылары.

– Сәлем, сәлем, сәлем!

– 6 класс рад приветствовать вас!

– Балалар, бір-біріңе қарап, күлімдеп, сәттілік тілендер.

Ребята, посмотрите друг на друга, улыбнитесь и пожелайте удачи.

– Сабакты бастар алдында біз қазір ойын өткіземіз, ойынның атауын – «Дұрыс, дұрыс емес», осы ойын арқылы біз өткен тақырыптарды қайталаймыз.

II. Өткенді қайталау. Повторение пройденного.

– Перед началом нашего урока, мы проведем интеллектуальную разминку: правильно – неправильно. Мы вам будем задавать вопросы, а вы на них будете отвечать. Каждый ответ вы должны обосновать.

ОЙЫН – «ДҰРЫС, ДҰРЫС ЕМЕС»:

1. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін сөздерді синоним дейміз бе?

2. Каждое слово имеет свое лексическое значение?

3. Ащы-тәтті деген сөздер антонимдер ме?

4. Лексическое значение слова разъясняется в орфографическом словаре?

5. Дыбысталуы, жазылуы бір, мағыналары басқа сөздерді синоним дейміз бе?

6. Слова могут ли употребляться в прямом и переносном значении?

7. Күшті – жүректі деген сөздер синонимдер ме?

8. В словосочетании *кислая улыбка* слово *кислая* употреблено в прямом значении?

9. Лексика – бұл сөздік қор ма?

10. Слово *язык* – многозначное?

– Молодцы, ребята!

III. Сабақтың негізгі бөлімі.

Основная часть урока.

1. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты.

Тема и цель урока.

– А тепер, ребята, коль у нас урок необычный, то и тему урока вам надо найти самим, так как она спряталась в этом небольшом рассказе.

Вы его внимательно послушайте и догадайтесь о чем у нас пойдет речь дальше.

Как только закончились уроки, Петька сломя голову помчался домой. Еле переведя дух, он заскочил в квартиру, где его встретила бабушка.

«Что случилось? – спросила она. – У тебя вон язык на плече! – Где? – спросил Петька, вертя головой.

- О чем же пойдет речь у нас на уроке? – Правильно, о фразеологизмах. Что мы называем фразеологизмами? Какие виды фразеологизмов встречаются в речи? Правильно, и синонимы, и антонимы, и имена собственные, и загадки, и пословицы, и поговорки.

Поэтому цель нашего урока: «Повторение и обобщение знаний по теме «Фразеологизмы». И наш урок пройдет в форме творческой работы учащихся.

– Дұрыс, сабақтың тақырыбы: «Фразеологизмдерді қайталау және жинақтау». Ал бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Фразеологизмдерді қайталау және оларды қолдану білу. Сабағымыз оқушылардың шығармашылық жұмысы түрінде өтеді. Шығармашылық жұмысқа сыныптың барлық оқушылары қатысады. Дұрыс жауап үшін фишка беріледі. Көп фишка жинаған оқушылар жақсы баға алады.

Ең алдымен кім айтып береді: Фразеологизмдер деген не?

2. Кәртiшкемен жұмыс.

Работа по карточкам.

Следующим этапом нашей работы будет работа по карточкам, в ходе которой мы и проверим ваше умение из группы фразеологизмов, выбрать соответствующие им синонимы.

поминай как звали	и след простыл
водить за нос	морочить голову
куры не клюют	хоть пруд пруди
глядеть в оба	держат ухо в остро
пальчики оближешь	язык проглотишь
тьма кромешная	ни зги не видать
ни слуху ни духу	не ответа не привета.

– Молодцы, ребята, хорошо справились с этим заданием.

3. Тақта жанында жұмыс.

Работа у доски.

– Балалар, дәптерлеріңді ашып, тақтадағы күнді жазып алыңдар. Қазір тақтаға шығып жұмыс істейміз. Кәртішкеде сөйлем берілген, сөйлемді тақтаға көшіріп жазып, бар фразеологизмдердің мағыналарын айтып беру керек. Қалғандарың дәптерлеріңе тақтадан жазыңдар.

– А теперь поработаем у доски. Вам нужно записать предложение, найти в нем фразеологизм, дать объяснение этому фразеологизму:

а) Әке – асқар тау.

б) На улице дождь лил как из ведра.

в) Қазақстан жері – бір шетінен екінші шетіне дейін құс қанаты талатын кең байтақ ел.

г) На школьном огороде ребята трудились не покладая рук.

4. Сергіту сәті. Физминутка.

Қолды белге қояйық,

Басты оңға бұрайық,

Басты солға бұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір тұрып, бір отырып,

Біз демалып алайық.

5. Интеллектуалдық ойын.

Интеллектуальная разминка.

– Немножко отдохнули. А теперь ваши одноклассники для вас, ребята, прочитают небольшой диалог, а вы на слух определите слова, которые являются фразеологизмами и объясните их значение.

Итак, интеллектуальная разминка.

- Учись поскорее и мы с тобой пройдем огонь, воду и медные трубы.

- Какие трубы?

- Медные.

- Во дворе не медная труба, а я залезала в неё.

- В том – то и дело.

- А медные где?

- Везде.

- За городом? В лесу? В поле? В огне?

- Вот именно!

- А на море?

- О! На море их сколько хочешь.

- А в небе?

- В небе видимо – невидимо.

- А как их найти?

- Их не ищут, ищут смысл жизни. Ищут свое счастье, чтобы насыпать ему соли на хвост.

- А как ему насыпать соли на хвост?

- Надо пройти огонь, воду и медные трубы.

- Но как это сделать?

- Есть ли в этом диалоге фразеологизмы? Как вы можете объяснить значение использованных устойчивых словосочетаний? Как изменилась бы речь участников диалога, если бы в ней их не было бы? Какова их роль?

6. Фразеологизмдерді аудару.

Перевести фразеологизмы.

Проходя огонь, воду и медные трубы у каждого человека формируется характер, а как используя фразеологизмы можно сказать о характере человека мы сейчас узнаем переводя эти фразеологизмы:

1. Қоян жүрек (заячья душа);
2. Жыл құсындай (первая ласточка);
3. Өзі би, өзі қожа (вольная птица);
4. Түйе де емес, бие де емес (не рыба, не мясо).

– Фразеологизмдердің мағыналарын жақсы біледі екенсіңдер, жарайсындар, балалар!

7. Жұмбақтарды шешу.

Отгадать загадки.

– В начале урока мы с вами говорили о том, что фразеологизмы могут использоваться в загадках. Сейчас мы с вами и отгадаем загадки, где используются фразеологизмы, и объясним их значение:

1. Көк костюм киеді, күннің көзін сүйеді. (Қарбыз)

2. Его проглатывают или прикусывают, держат за зубами, не желая о чем –нибудь говорить, он хорошо подвешен у человека, который говорит бойко и легко. (Язык)

3. Аяғы жоқ – жүреді, ауызы жоқ – сөйлейді. (Хат)

4. Қалың киімді ұнатады, шешіндірсең – жылатады. (Пияз)

5. Не цветы, а вянут, не ладоши, а ими хлопают, если чего-то не понимают, не бельё, а их развешивают доверчивые и любопытные люди. (Уши)

6. Бір ағашта – он екі ұя, әр ұяда – отыз жұмыртқа. (Жыл, 12 ай)

7. Тілі жоқ, ақыл-кеңес береді. (Кітап)

8. Шығармашылық тапсырма.

Творческое задание.

На лепестках ромашки написаны фразеологические обороты, желающие берут лепесток и при помощи мимики и жестов передают смысл его.

1. Ломать голову.
2. Водить за нос.
3. Сматывать удочки.
4. Надуть губы.
5. Пальчики оближешь.
6. Вешать лапшу на уши.

9. Топтар бойынша өзара шығармашылық жұмыс.

Самостоятельная творческая работа по группам.

Используя все известные вам фразеологические обороты составьте небольшие рассказы по следующим темам:

1. На рыбалке.
2. Как я опоздал на урок.

10. Бекіту жұмысы. Работа по закреплению.

– Балалар, тағы қандай фразеологизмдер білесіндер?

Аспанға көтеру – возносить до небес.

Аяқ астынан – внезапно, неожиданно.

Бес саусақтай білу – знать как свои пять пальцев.

Екі кеме құйрығын ұстау – гоняться за двумя зайцами.

Қой аузынан шөп алмау – скромный, застенчивый.

Айдай таза, күндей нұрлы – писаная красавица.

Қең байтақ дала – обширная бескрайняя степь.

Жылқы мінезді – изменчивый, непостоянный.

Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды – двое сильных на одном месте не уживутся.

Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен – побеждать.

Көз – қорқақ, қол – батыр - глаза боятся, руки делают.

11. Тестілеу.

Тестирование.

Для более прочного усвоения знаний по теме

выполним тестовое задание. Из двух ответов выберите правильный вариант.

1. Дело десятое:

а) очень важно; б) совершенно не важно.

2. Пятое колесо в телеге:

а) лишний; б) нужный.

3. Кошки скребут на душе:

а) радостно; б) тревожно.

4. Слушать краем уха:

а) внимательно; б) невнимательно.

1. Тертый калач:

а) опытный; б) грубый.

2. Қыста не ұзарады?

а) түн; б) күн.

3. Қыс айларын ата:

а) наурыз, сәуір, мамыр; б) желтоқсан, ақпан, қаңтар.

4. Жыл мезгілдерін тап:

а) қыс, жаз; б) ақпан, маусым.

5. Құстар қайда ұшып кетеді?

а) жылы жаққа; б) далаға.

6. Күзде не жиі жауады?

а) қар; б) жаңбыр.

– Бір-біріңмен ауысып, өздерінді бағаландар! Тақтаға қарап жауаптарыңды белгілеңдер.

12. Қорытындылау.

Заклучение.

После выполнения тестов проводится их взаимопроверка.

– Сегодня на уроке вы хорошо потрудились, мы с Айгуль Серикбаевой вас, конечно, оценим, но нам бы хотелось услышать ваше мнение, как вы оцениваете сами свою работу на уроке:

- кто оценивает свою работу на 5.

• кто оценивает свою работу на 4.

Выставление оценок учителями.

13. Үй жұмысы. Домашнее задание.

Қазақ тілі: фразеологизмдерді қолдана отырып, 4-5 сөйлем жазу.

Русский язык: пользуясь рисунками на странице учебника 68, составить небольшой рассказ на тему: «В труде красота человека».

14. Тілек.

Пожелание.

Осымен біздің «Фразеологизмдер» тақырыбына арналған ашық сабағымыз аяқталды.

Менің сендерге айтатыным:

- Тілімізді, ділімізді, жүрегімізді таза ұстайық.

- Мынау не?

- Бұл – жүрек.

- Жүректе не болады?

- Жүректе сөз болады.

- Жүрек неге толса, ауыз соны айтады.

- Менің бүгін сіздерге арнап алып келген сөздерімді қабыл алыңыздар!

Туған елдің ұлы бол,

Туған жердің гүлі бол.

Достарыңмен тату бол,

Дұшпаныңа қату бол.

Жүйрік тілді ақын бол,

Жақсылыққа жақын бол.

Ақындардың бірі бол,

Азамат бол, ірі бол,

Асқар таудай биік бол,

Жарқыраған күндей бол.

Қатарыңның алды бол,

Зерделі бол, зерек бол,

Өрқашанда керек бол!

Шалқып жатқан көлдей бол,

Ағарып атқан таңдай бол,

Адал болсаң, судай бол,

Жердей мықты бол!

– Құрметті қонақтар, балалар осы шын жүрегіммен айтылған сөздерді мен барлықтарыңа тілеймін.

– Наш открытый урок подходит к концу и нам хочется сказать несколько пожеланий:

Будь сыном своей Родины,

Будь цветком в родной стране!

Будь дружен со всеми на свете,

Будь человеком на этой земле!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.М.Артықова, А.С.Жақанбаева, М.Х.Төлеуова. Қазақ тілі. 6-сынып. А., «Атамұра», 2006.

2. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. А., «Ана тілі», 1991.

3. Б.Адамбаев. Халық даналығы, «Рауан», 1996.

4. Ж.Адамбаева. «Орыс мектебіндегі қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері», «Рауан», 1993.

4. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1997.

5. А.И.Молоткова. Фразеологический словарь русского языка. М., «Советская энциклопедия», 1967.

6. Г.А.Богданова. Уроки русского языка в 6 классе. М., «Просвещение», 2000.

7. Русский язык. Методическое руководство 6 класс. А., «Атамұра», 2002.

8. О.В.Анисимова. Тесты по русскому языку 5-9-классы. Екатеринбург, АРДЛТД, 1996.

9. З.К.Сабитова, В.К.Павленко. Русский язык. А., «Атамұра», 2006.

Алмагүл ШАЯХМЕТҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Өскемен қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

(7- сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – тақырып бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалана білу, «Мемлекеттік мерекелер» тақырыбына сөйлей білу; **дамытушылық** – оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдысын дамыту. Ойларын дұрыс жеткізе білу қабілеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – тілді үйренуге деген талабын арттыру, Отанын, жерін, елін сүюге патриоттық сезімдерін ояту.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, сөйлесу, топтық жұмыстар, іздендіру әдістерін қолдану. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих. **Көрнекілігі:** проектор экранмен жұмыс, сөздік сөздер, тапсырмаларға байланысты слайдтар, кәртішкелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындықты тексеру.
2. Лексикалық жаттығу жүргізу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Оқушылар өткен сабақтардан алған білімдері бойынша, төмендегі сұрақтарға жауап береді.

- 1) Біз өткен сабақта қандай тақырыпты бекіттік?
(«Менің Қазақстаным» туралы айттық)
- 2) ҚР Президенті кім?
- 3) Мемлекеттік тіл қай тіл?
- 4) ҚР астанасы қай қала?
- 5) Қазақстан қандай мемлекет?
- 6) ҚР өз Тәуелсіздігін қашан алды?

Мұғалімнің сөзі:

- Иә, біз Қазақстан туралы бірталай мәліметтерді білеміз. Енді бүгін Қазақстанның осы уақытқа дейін қол жеткізген тағы да қандай жетістіктері бар, соны білейік, «Тәуелсіздік шежіресі» атты слайд көрсету арқылы білімімізді толықтырайық.

(Оқушылар алдын ала бөлініп берілген үй тапсырмасы бойынша жауап береді).

Мысалы (слайдтар шығып тұрады, оқушылар өз кезектерімен келіп, дайындаған мәліметтерін айта береді):

1. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.
2. ҚР БҰҰ мүшесі болды.
3. «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды.

1992 жыл.

1. Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің сесиясы Республиканың Елтаңбасын, Мемлекеттік Туын және Әнұранын бекітті.

1993 жыл.

1. Қараша айының 15-нде ұлттық теңге айналымға түсті.

1994 жыл.

1. Үш бәйтерек – Сәкен, Бейімбет, Ілиястың 100 жылдық мерейтойлары тойланды.

1995 жыл.

1. 30 тамызда Қазақстан Республикасының «Ата Заңы» қабылданды.

1996 жыл.

1. 16-желтоқсанда Тәуелсіздік Монумені ашылды.

1997 жыл.

1. 11-шілдеде «Тіл туралы заң» қабылданды.

1998 жыл.

1. 6 шілде – Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының туған күні.

1999 жыл.

1. «Ұрпақтар сабақтастығы жылы» болды.

2000 жыл.

1. «Мәдениетті қолдау жылы» болды.

2. Қасиетті тарихи шежірелі Түркістан қаласының 1500 жылдық тойы болды.

2001 жыл.

1. ҚР Тәуелсіздік алғанына 10 жыл толды.

2002 жыл.

1. «Денсаулық жылы» болды.

2003-2005 жылдары.

1. «Ауыл жылы» болды.

2006 жыл.

1. «Ресейде Қазақстан, Қазақстанда Ресей жылы» болды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны өзгертілді.

2007 жыл.

1. «Тіл жылы» болды.

2008 жыл.

1. Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы спорттың бокс, ауыр атлетика, дзюдо түрлерінен алтын, күміс, қола медальдарына қол жеткізді.

(Бақыт Сәрсекбаев, Илья Ильин сияқты жеңімпаздарды айтуға болады).

2009 жыл.

1. Өскемен қаласының орталық алаңында қазақтың ұлы ақыны Абайға ескерткіш орнатылды.

2. Өскемен қаласының облыстық Пушкин атындағы кітапханасының алдында орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинге бюст қойылды.

3. Жол картасы бағдарламасы қабылданып, іске асып жатыр (яғни, Республика бойынша қалаларда, аймақ орталықтарында, ауылдық жерлерде жол жөндеу, мекемелерде күрделі жөндеу жұмыстары өтіп жатыр).

Мұғалімнің сөзі:

- Міне, балалар, тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алып, осындай көптеген есте қаларлық оқиғалар болыпты. Сонымен, балалар,

Қазақстан тәуелсіз Республика болып қашан жарияланды?

Тәуелсіздік күнін қашан мерекелейміз?

Тағы да қандай мерекелерді білесіңдер? Әр айда болатын мерекелерді ретімен айтып көрейік.

(Балалар айтып біткен соң, экраннан мерекелер тізімін шығару)

- Міне, бұлардың барлығы – біздің мемлекеттік мерекелеріміз. Бүгінгі сабағымыз да осындай бір мерекеге байланысты «Тәуелсіздік күні» деп аталады.

III. Жаңа сабаққа кіріспе.

(Сабақтың мақсатын, барысын айту)

IV. Жаңа сабақ.

1. Жаңа сөздермен танысу (экранның көрсетуі).

2. Сөз тіркестерін, сөйлемдер құру.

3. Әр топтан 2 оқушыға мәтінді оқу, аудару тапсырмалары беріледі.

4. Бір бала орысша мазмұндап айтады.

5. Мәтінге сұрақтар қойып, түсінгендерін пысықтау:

- Қазақстан Тәуелсіз Республика болып қашан жарияланды?
- Бұл күн Қазақстан тарихында қандай күн болып саналады?
- 16 желтоқсан қандай мереке?
- Республика халықтары үшін қандай оқиға болды?
- Тәуелсіздік не әкелді?

VI. Жаңа сабақты бекіту (Оқулықпен жұмыс).

Мұғалімнің сөзі: - Ал, енді, мәтіннің мазмұнын түсінсек, осы мәтіннен етістіктерді тауып, оларды құрамына, жасалу жолына қарай ажыратып, айтып жіберейік (Етістік туралы қайталап жіберу):

- Етістік дегеніміз не?
- Қандай сұрақтарға жауап береді?
- Құрамына қарай қалай бөлінеді?
- Жасалу жолына қарай қалай бөлінеді?

Дәптермен жұмыс. (дәптерлерін ашып, бүгінгі күнді жазады).

– Ал енді, балалар, мына екі сөзді дәптерлеріңе жазып, сөз құрамына талдап жіберіңдер. (Екі оқушыны тақтаға шығару):

Азаматтардың, халықтарының.

Топтық жұмыс (Екі топқа бөлу)

Қазақстан, тәуелсіз деген сөздерге фонетикалық талдау жасату.

VII. Бағалау.

VIII. Үй тапсырмасы: 31-беттегі сөздерді жаттау, диалог құрып келу.

IX. Қорытындылау.

- Нені білдік? - Нені үйрендік?

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТІЛЕГІ

Мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Қанат: - Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар!

«Тәуелсіздік – ел тілегі» атты салтанатты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Ильнура: - Государственный флаг Республики Казахстан вынести. Равнение на флаг!

Әнұран орындалады.

Наргиза: - Құттықтау сөз мектеп директоры Сүлейменов Әлімхан Рымханұлына беріледі.

Мини-центр шәкірттерінің орындауында: өлең, би, ән.

Рауан: - Торжественная часть посвященная Дню Независимости Республики Казахстан считается закрытой.

Әнұран орындалады.

Қанат: - Государственный флаг Республики Казахстан вынести. Равнение на флаг!

Ильнура: - А сейчас мы предоставляем Вашему вниманию концертную программу подготовленную учениками.

Қанат: - Тәуелсіздік, еркіндік – ежелден ел тілегі. Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күресі, тарихтың нәтижесі.

Ильнура: - Под щедрым солнцем золотым,
Под ясным небом голубым
Мой герб и флаг в себя вобрали
Весь мир степной, родные дали,
Свободы дух и взор прямой.

Наргиза: - Қазақстан – сан ғасырлық тарихы бар,
Қазақстан – бұл азат ел танысыңдар.
Көк байрағы, елтаңба, әнұраны,
Қазақ елі егеменді, сан ұлты бар.

6 «А» сынып оқушысы Шутова Екатеринаның орындауында – «Казахстанская земля» әні.

Қанат (на фоне музыки «Елім-ай»): - Бүгінгі тәуелсіздікке халқымыз оңайлықпен жеткен жоқ. Ата-бабамыз өз жерін, Отанын, халқын қорғаймын деп талай тарихи оқиғаларды бастан кешірді.

Ильнура: - 1466 жылы қазақ хандығы құрылды.

Рауан: - 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыда», жоңғарлармен соғысты.

Наргиза: - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістеріне қатысты.

Қанат: - 1918 жылы Қазақстанда Кеңес үкіметі құрылды.

Ильнура: - 1937 жылы қазақ халқының зиялы қауымының өкілдері «халық жауы» атанды.

Рауан: - Қазақ халқының ең соңғы өліп-тірілуі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы.

«Елім-ай» әнін 10 «б» сынып оқушысы Беркун Даша орындайды.

Ильнура:

- Казахстан расцветает, как природа весной!
Мир и солнце сияют над прекрасной страной!
И летят над планетой дорогие слова:
Астана – Казахстан, Казахстан – Астана...

Қанат: - 1991 жылы 16 желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігін жария еткен ұлы заң қабылданды. Ақ түйенің қарыны жарылып, иісі қазақ тәуелсіздікке қолы жетіп, шаттыққа бөленді.

Би.

Наргиза: - Қазақ хандығы XV ғасырда құрылса, арада 535 жыл өткеннен кейін Қазақстан нағыз тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Біз бақытты өмірдің есігін аштық.

Рауан: - Свободен, величав и перевоздан
Звезде подобный средь земель и стран.
Кюй счастья ты наигрываешь звонко,
Родной мой лучезарный Казахстан.

7-сынып оқушылары «Жаса, Қазақстан!» әнін орындайды.

Қанат: - Тәуелсіздік – бұл менің Парасатым,
Күншілмен де тіл тауып жарасатын.
Қорғайтын Елдігіңді ерлігімен,
Қазақтың шығаратын Алаш атын.

Ильнура:

- У казахов своя страна,
Свои земли на все времена.
У казахов цветет свой флаг,
У казахов сияет свой герб.
У казахов, как сбывшийся сон,
Свой счастливый и мудрый закон!

Қазақ биі.

«Атамекен» әні.

Қанат: - Мемлекетімізге жарқын болашақ, елімізге саналы ұрпақ тілейміз. Айымыз үнемі оңымыздан тусын, ағайын! Осымен «Тәуелсіздік – ел тілегі» атты кешіміз аяқталды. Көріскенше сау болыңыздар!

ЕГЕМЕНДІ БОЛМАЙ – ЕЛ БОЛМАС, ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙ – ЖЕР БОЛМАС

Мақсаты: оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ту, әнұран, елтаңба суреттері, слайдтар, кітап көрмесі, ұнтаспа.

«Біз тәуелсіздікті аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің белгілерін де ерекше қадірлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын біртұсы – осы».

Н.Ә.Назарбаев.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- 1991 жыл 16 желтоқсан – біздің халқымыздың тарихында кейінгі ұрпақ мәңгі қастерлеп, ардақтап өтетін күн. Бұл күн – біздің Тәуелсіздігімізді дүниежүзі мойындаған күн!

- Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманы; жоңғар шапқыншылығы.

- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

- 1921-1922 жылдардағы аштық 2 млн 250 мың адамды, 1931-1933 ж. қызыл қырғын 2 млн 200 мың адамның тағдырын біржолата қиды.

- Қазақстанда 101 мың адам репрессияға ұшыраған.

- 1941 ж. 22 маусым. Ұлы Отан соғысында 98 қазақ Кеңес

Одағының Батыры атанды.

- 1986 ж Желтоқсан оқиғасы, оның құрбандары – Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Жансая Сәбитова, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету – парызымыз.

Тәуелсіздігіміз жарияланғаннан кейінгі аз уақытта көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Атап айтқанда:

- 1991 ж. 29 тамызда Семей полигоны жабылды;
- 1991 ж. 2 қазанда Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты;
- 1991 ж. 1 желтоқсанда тұңғыш Президентіміз сайланды;
- 1992 ж. 2 наурызда ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды;

- 1992 ж. 8 мамырда Республика Ұланы құрылды;
- 1992 ж. 4 маусымда ҚР-ның Жоғары Кеңесі мемлекеттік рәміздері қабылданды;

- 1993 ж. 28 қаңтарда Ата Заңымыз қабылданды;
- 1993 ж. 15 қарашада ұлттық валюта-теңге айналымға енді;

- 1997 ж. мемлекетіміздің астанасы Ақмолаға көшірілді.

Бәйтерек – Астана символы. Бәйтеректің салынуына себепші болған Елбасының сүйікті ертегісі – «Ер Төстік». Оның құрылысына 5 млн доллар жұмсалған, биіктігі – 97 метр. Ол – астананың Алматыдан Астанаға көшкен жылы. Авторы – белгілі архитектор Ақмырза Рүстембеков. Келісіммен бейбітшілік сарайы, Ақорда, Нұр Астана мешіті, «Думан» ойын сауық орталығы, океанариумдағы теңіз жануарларының 100 түрі, «Қазақ елі» монументі, Тәуелсіздік сарайы, конгресс-холл, т.б. жаңадан бой көтерген құрылыс нышандары.

Гүлді Алматы жері жайсаң облыс,
Ақтөбенің ақ тарысы – мол ырыс,

Атыраудың көл-көсір-ау мұнайы,
Жамбыл – фосфор, маңғырған мал – шырайы.
Жезқазған – кен, бұзылмаған қаймағы,
Көкшетау – кіл көгілдір көл аймағы.
Қарағанды – қара алтынның қоймасы,
Қостанай – зор ақыл-ойдың ордасы.
Қызылорда – күрішті Сыр сағасы,
Орал – көне Ақ Жайықтың жағасы.
Павлодар – қара Ертістің саясы,
Өр Өскемен – Шығыста Алтай аясы.
Ал Қызылжар – солтүстігім орманды,
Семей – сұлу Шыңғыстаудай қорғанды.
Талдықорған – жер жәннаты, сыр бағы,
Нұрлы Ақмола – астықты алқап құндағы.
Жыр Шымкент – мақталы өлке маңызды,
Әрқайсысы сыйға тартар аңызды!

Ертеден келе жатқан ұғымдар арасында дүниенің төрт бұрышын төрт түрлі бояу арқылы беру дәстүрі бар. Солтүстікті – қара, оңтүстікті – ақ, шығысты – зеңгір көк, батысты – сары не қызыл бояу арқылы берген. Көгілдір аспан аясында мәңгілік сапар шеккен ұлы Күн бейнесі – нағыз өмір нышаны.

Бүркіт – еркіндік бейнесі, биік армандарға қиялап қанат қағу символы.

Туымызды даралап тұрған – қошқар мүйіз деп аталатын ұлттық өрнекті жолақ. Ою-өрнек – халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің даму жолының куәсі. Авторы – Ниязбеков Шәкен Оңдасынұлы.

Елтаңбамыздың сырт пішіні толық шеңберге сыйып тұр. Шаңырақ, уық – одан тарап тұрған алтын сәулелер.

Елтаңбадағы екінші бөлік – ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі.

Киелі көк пырақ адамды аспанмен байланыстырады. Мүйіз-айбын-айбат, бес жұлдыз, елдің аты. Тәуелсіз

мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа да ашық. Авторлары-
танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман
Уәлиханов.

Әнұран – халық тіршілігінің лүпілін, тұрмыс-
тіршілігін білдіреді. Оның авторлары – Н.Ә.Назарбаев пен
Ж.Нәжімеденов, музыкасын жазған – Ш.Қалдаяқов.

Әлем халқы көз тіккен байрақты бәсеке – XXX жазғы
олимпиадалық ойындардың шымылдығы Ұлыбритания
астанасы Лондон қаласында ашылды. Осынау күллі
жұртшылықты елең еткізер айтулы аламанда Қазақстан
құрамасы нәтижелі ойын көрсетті. «Тұманды Альбионда»
өтетін жарысқа біздің елімізден 25 спорт түрінен 115
спортшы қатысты. Қазақстандықтар қоржынын 7 алтын, 1
күміс, 5 қола медаль толтырды.

Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобедова,
Ольга Рыбакова, Серік Сәпиев, Илья Ильин, Александр
Винокуров, Әділбек Ниязымбетов, Даниял Гаджиев,
Ақжүрек Таңатаров, Гүзел Манюрова, Иван Дычколар
ел мақтанышына айналды. Қазақстан құрамасы ресми
есеп бойынша командалық 12-орынға табан тіреді. Бұл
Қазақстанның әлем қоғамдастығы алдындағы беделі мен
абыройын бұрын болмаған дәрежеде шарықтатып көтерді.
Сол күндері еліміздің ерекше әуені әдемі сөзінің өзі
Елбасының қатысуымен жазылған Әнұранымыз – «Менің
Қазақстаным» Лондонның орталығындағы әйгілі «Ексел»
спорт сарайында жиі шырқалатын таңдаулы әуендер
қатарынан орын алды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Спорттағы табыс – ол да зор
еңбек. Спортшыларымыздың жеңісі – еңбексүйгіштіктің,
патриотизм мен өз күшіне сенімділіктің үлгісі. Биылғы
олимпиададағы жеңіс мыңдаған жастың жігерін жаныды.
Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Жазғы және Қысқы
олимпиада ойындарының 63 жүлдегерін, соның ішінде 18
олимпиада жеңімпазын тәрбиеледі. Әлемдік спорттағы

жетістіктер – мемлекет мүмкіндігінің ең үздік тұсаукесері», – деді. Спортшылар «Отан», 2-дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерімен марапатталды. Алтын медаль иегері Ольга Рыпакова: «Лондонда Сіздің құттықтауыңызды алған минуттар менің есімнен кетпейді. Мен өз Отанымның-Қазақстан Республикасының атынан сынға түскенімді мақтан тұтамын. Біз қазақстандық қыздар үшін мүмкін емес ештеңе жоқ екенін дәлелдедік. Бүкіл еліміз бен Президентіміз жанкүйер болып жатқанда, бәріміз өте мықты, өте жылдам бола түсеміз»-деп, жүрекжарды пікірін айтты.



Майпруза НҰҒМАНОВА,
Андреевка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алғалы 21 жыл ішінде жеткен табыстарымен таныстырып, білімдерін нығайту; **дамытушылық** – оқушыларға тәуелсіздік жайлы жан-жақты түсінік беріп отырып, олардың ой-өрісін, ақыл-ойын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды өз Отанын, елін, жерін қорғауға және сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Түрі: ауызша журнал. **Көрнекілігі:** тақырыптық слайдтар, плакаттар, кітап көрмесі, бүктемелер.

Сабақтың жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабақтың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

III. Жаңа сабақ.

Ауызша журнал:

1-бет: *Мұғалімнің кіріспе сөзі.*

2-бет: *Көрініс: «Тәуелсіздік таңы».*

3-бет: *Тәуелсіздік шежіресі.*

4-бет: *Қазақстан – кеше, бүгін, ертең (сөйлесу).*

5-бет: *Даналар айтқан екен.*

6-бет: *«Біз кіміз?» (таңбалау).*

IV. Қорытынды.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- сәлемдесу;

- кезекшімен сұхбаттасу;

II. Сабақтың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

III. Жаңа сабақ:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Он алтыншы желтоқсан-

Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн.

Жасай берсін ұлы күн

Үміті боп елімнің,

Ақ күні боп баланың,

Шаттығы боп даланың!- дегендей, биыл ҚР-ның тәуелсіздік алғанына – 21 жыл. Тарихымыздың беттеріне 1991 жыл алтын әріптермен жазылары хақ. «Тәуелсіздік» деген – тәтті ұғым, қастерлі сөз. Әлемде соңғы 21 жылдың ішінде тәуелсіздік туын биік ұстап, алға басқан ел – Қазақстан.

1-жүргізуші: - Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттердің қатарына қостық.

21 жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

2-жүргізуші: - Барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айырықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

1-жүргізуші:

- Тәуелсіздік-

Бабалардың ұраны,

Бейуақытта бойға таққан тұмары.

Тәуелсіздік-

Түнектерде тұншығып,

Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы.

2-жүргізуші:

- Қалмады жалын жастық басқа амалы,

Шалқайды империя тас қамалы.

Қазақтың тәуелсіздік алған күні

Ызғарлы желтоқсаннан басталады.

3-жүргізуші:

- Таңғажайып атың да дәл табылды

Табылды да талай жұртқа танылды.

Қазақ елі, көкке жетті көк туың,

Сен –Тәуелсіз мемлекетсің кәдімгі!

Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін тыңдау.

Мұғалім сөзі: - Сол бір уақыттың әділетсіз соққысына ұрынса да, тәуелсіздік туының желбіреуіне жанын қиғандардың бірі -...

1-оқушы: - Ербол Сыпатаев – Алматы энергетика институтының студенті.

2-оқушы: - Қайрат Рысқұлбеков – Алматы сәулет құрылысы институтының студенті.

3- оқушы: - Сәбира Мұхамеджанова - Өскемен педагогика училищесінің студенті.

4-оқушы: - Ләззат Асанова – Алматы музыка училищесінің студенті.

Өсер елдің әр сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзда жанған алауы!
Өздеріңдей ер намысты жас өркені бар елдің
Ешқашан да еңкеюге тиісті емес жалауы!

2. Көрініс: «Тәуелсіздік таңы».

Әжесі жүн түтіп отырады. Немересі далада ойнап жүреді.

Әжесі: - Е... Тәуба! Бергеніңе шүкір...

Немересі: - Әже, әжетай! Далада керемет болып жатыр.

Аспанға жарқылдаған салют атып, адамдар қуанышқа бөленіп жатыр, жүріңіз көрейік!

Әжесі: - Е, е, жарығым, бұл – қуаныш. Тәуелсіздіктің мейрамына арналған керемет қой! Жақсылығымыз ұзағынан болсын!

Немересі: - Әжетай, Тәуелсіздік деген не?

Әжесі: - Тәуелсіздік деген – еркіндігің, бостандығың, бақытың, балам. Біздің кезімізде мұндай еркіндік болған жоқ.

Немересі: - Сол өміріңіз туралы айтып беріңізші.

Әжесі: - Әй, балам-ай, өткен өмірді көз алдыма елестетсем, шуылдап басым айналады. Аздап тынықпасам болмас.

(Әжесі немересімен қисайып жата кетеді)

Немересі (көзін уқалап тұрады): - Әже, жап-жарық күнді көрдім. Көп түс көрдім.

Әжесі: - Е, ол – сенің бақытың, балам. Тәуелсіздігіңнің мәңгі жарық күні!

Немересі: - Ендеше мен жолдастарымнан сүйінші сұраймын. Алақай, сүйінші! сүйінші! Тәуелсіздіктің ақ таңы атып келеді! (жүгіре жөнеледі).

Мұғалім: - Міне, балалар, ата-бабамыз аңсаған сол тәуелсіздікті алғанымызға 21 жыл толып отыр. Тәуелсіздігіміздің 21 жылы тарихта өз ерекшелігімен қалды. Біз бүгін осы атаулы жылдарға тоқталайық.

3. Тәуелсіздік шежіресі.

1989 жылы 22 қыркүйекте- қазақ тілі өз мәртебесін алды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі болып жарияланды. Оқушылардың орындауында Мұқағалидың «Үш бақытым» өлеңі оқылады.

1-оқушы:

- Ең бірінші бақытым-халқым менің
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

2-оқушы:

- Ал екінші бақытым-тілім менің,
Жас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей кезде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

3-оқушы:

- Бақытым бар үшінші – Отан деген,
«Кім мықты?» десе біреу, «Отан» дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы, от ал менен!

1990 жылы қазан айында – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республиканың егемендігі туралы Декларация қабылдады.

1991 жылы 1 желтоқсанда - Қазақстанның тұңғыш Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.

1991 жылы 16 желтоқсанда - Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады.

1992 жылы 22 мамырда Қазақстан ЮНЕСКО құрамына
енді.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының
мемлекеттік рәміздері қабылданды.

1-оқушы: - «Қазақстан жалауы» өлеңі.

Аспан түстес көгілдір

Тік бұрышты матаның

Ортасында төгіп тұр,

Күн жаяды шапағын.

Астында оның қалқыған

Қыран құстың бейнесін

Азат елдің шалқыған

Көңілі деп білерсің.

2-оқушы: - «Елтаңба» өлеңі.

Алтын қанат көмкерген

Шаңырақ бар, уық бар.

Әсем бейне сен көрген,

Жай бейне емес, ұғып ал!

Көгілдір түс аясы,

Бейбіт дала елесі.

Шаңырақ – жұрт панасы,

Уықтар – күн сәулесі.

3-оқушы:-Сүйсіндірген өзінді,

Түсіне біл таңбаны.

Аңызда ұшқыр, төзімді

Пырақ-халық арманы.

Жоғарыда түсер көз

Бес тармақты жұлдызға.

Ал «Қазақстан» деген сөз

Таныс барлық ұл-қызға.

1993 жылы қаңтардың 28-і күні Қазақстан
Республикасының Ата Заңы қабылданды.

1993 жылы қарашаның 15-нде Ұлттық валюта-теңге шықты.

1994 жылы ақпанның 16-нда Қазақстан ядролық қаруы жоқ ел ретінде ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойды.

1995 жылы 1 наурызда Президент Жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды.

1995 жылы 30 тамызда – Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

Ата заң туралы өлең

Ата Заңға, қарағым,
Шексіз болсын құрметің.
Туған елдің талабын,
Заңды орындау – міндетің.
Бақытты өмір сүргенің,
Бақ-дәулеттің баршасы,
Күліп-ойнап жүргенің –
Ата Заңның арқасы!

1996 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздікке – 5 жыл. Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздік монументі ашылды.

1997 жылы қазан айында - Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық Жолдауы жарияланды.

1997 жылы Астананың символы – Бәйтерек салынды. Оның биіктігі – 97 метр.

1998 жылы 10 маусымда тұңғыш рет жаңа Астананың ресми тұсаукесері болды.

1999 жылы шілде айында Астана қаласы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталды.

«Елорда» өлеңі

Киелі менің елордам
Арудай сұлу таранған.
Береке-бірлік, достықтың

Тұнығынан нәр алған.
Жайнай бер, жаңа Астанам,
Ертегідей ғажап бас қалам.
Ынтымақтың тербеп бесігін,
Тәуелсіз ел көшін бастаған.
Сәулеңді шаш еліңе,
Нұрыңды төк жеріңе.
Киелі менің елордам
Бақ болып қонған төріме!

2000 жыл – «Мәдениетті қолдау» жылы.

2000 жылы 29 маусымда Семей ядролық сынақ полигоны біржола жабылды.

2001 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздікке 10 жыл толды.

2002 жыл «Денсаулық жылы» деп жарияланды.

2003 жылы - Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі өтті.

2004 жылы Астанада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Мұражайы ашылды. Онда 100 мыңнан астам экспонаттар бар.

2005 жылы 9 мамырда Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60 жылдығы тойланды.

2006 жылы Қазақстан Тәуелсіздігіне 15 жыл толды.

2007 жылы 2007-2012 жылдарға арналған Білім туралы Заң шықты.

2008 жылы Астанада «Қазақ елі» монументі ашылды.

2009 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасында ұлттық санақ өтті.

2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астанада мемлекеттік және үкімет басшыларының Саммиті өтті.

2010 жылдың 31 желтоқсанында және 2011 жылдың 7 қаңтар аралығында YII Азия ойындары өтті.

4. Қазақстан: кеше, бүгін және ертең (сөйлесу).

Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,
Жұртым менің не қиындық көрмеді?!
Жылап тұрып Аналарым бұл жолда,
Сан перзентін қара жерге жерледі.

II бөлім: Қазақстан-бүгін...

Бақтың құсы әр адамға қонып бір,
О, Тәңірім, бізді баққа жолықтыр!..
Бүгін, міне, Тәуелсіздік, ағайын,
Әр қазақтың жүрегі боп соғып тұр!..

III бөлім: Қазақстан-ертең...

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,
Кеңейттім кең әлемге керегемді.
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар
Таныды тепе-тең деп тереземді.
Қазақпын қойнауы – құт, жері – дархан,
Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам!

5. Даналар айтқан екен...

Тәуелсіз ел туралы афоризмдер, даналық сөздер, мақал-мәтелдер.

1. Тәуелсіздікті анадан ардақта, баладан мәпеле, құдайдай құрметте!
2. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі – Тәуелсіздік!
3. Тәуелсіздік үшін тәніңді де, қаныңды да, жаныңды да аяма. Ең қасиетті күрес – тәуелсіздік үшін күрес екенін ұмытпа!
4. Азат елдің аспаны ашық.
5. Егеменді елдің еңсесі биік.
6. Тәуелсіздік туы – асқақ.
7. Егеменді ел – көрікті,
Бетегелі бел – көрікті.
8. Тәуелсіздік – тарих тұлпарының қос тізгіні. Тәңір қолыңа ұстатқан ол қасиеттің тізгінінен айырылма!

Айырылсаң – ит пен құсқа жем болып, айдалада қаласың;
осыны ойында ұста!

6. Мұғалім:

- Қазіргі таңда Қазақстан – өркениетті, дамыған елдер қатарына енген мемлекет. Осы мемлекетті одан да биіктен көрсету – бүгінгі ұрпақтың қолында.

«Біз кімбіз?» (таңбалау)

- Тәуелсіз елдің жастары.

- Ел қорғаушы.

- Өз Отанымыздың патриоты.

- Заңдарын қорғайтын ұландар.

- Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері бола аламыз.

- Өз жолын анықтай алатын азамат.

- Біз – бақытты, интернет жүйесіне қол жеткізген, білімге құштар жастармыз.

7. Қорытынды.

1-жүргізуші:

- «БІнтымақты елге ырыс – енші». Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолмен алға баса береміз.

2- жүргізуші:

- Орыс, қазақ, неміс, татар – бар ұлтым,

Кең аймақты, қазыналы туған жер.

Ақ көңілді, ашық-жарқын ел-жұртым,

Құшағына қиыншылық алған жер.

Қаймықпаған қиындықтың жүгінен,

Өздеріңе сыйлап қырдың гүлінен,

Бүгінгі ұрпақ – бақытты ұрпақ атынан,

Құттықтаймыз Тәуелсіздік күнімен!

«Менің Қазақстаным» әнін орындау.

Бақытхан ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№46 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАЛҒАУЛАРДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНА БІЛУ

Сабақтың мақсаты: қатесіз жазуға үйрету. **Міндеттері:**
білімділік – тақырыпты меңгерте отырып, сөйлем құрауда сөздердің орын тәртібін меңгеру, сөздерді дұрыс дыбыстау, байланыстыра білу, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларын дұрыс қолдану; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, мәтін бойынша сұрақтар қоя білуге баулу, өз ойларын қазақша жеткізе білуге талпындыру, қисынды ойлау қабілеттерін арттыру, топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін өрістету, т.б.; **тәрбиелік** – табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға, қоршаған ортаны таза ұстауға ат салысуға шақыру, отансүйгіштікке, табиғат байлығын қорғай білуге, құстарға, басқа да тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға, зиян келтірмеуге, қорғауға тәрбиелеу; мейірімді, қайырымды болуға, бір-біріне жанашырлықпен қарауға баулу.

Типі: оқушыларға тілді үйрете отырып, білімін жетілдіру, кешендік білім және іс-әрекет жолдарын өз бетімен қолдану үшін мазмұндық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау.
Түрі: әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Даналық ағашы» ойыны, жарыс, топпен жұмыс. **Дидактикалық қамтамасыз етілуі:** интерактивті тақта, суреттер, диктофон, тірек-

сызбалар, ойыншықтар, қоржын, асық, сандық, сөзжұмбақ,
т.б.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- а) Оқушылармен сәлемдесу;
- ә) Кезекшімен сұхбат.

2. Өзектілігі:

- а) Үй тапсырмасын тексеру:

1. – Балалар, үйге қандай тапсырма берілді, қандай тақырып өттік? (Балалар үйге берілген сөзжұмбаққа қарай отырып, құс аттарын аудармасымен айтып шығады).

2. Өтілген жаңа сөздерді еске түсіреді.

Оқушылар өткен мәтін бойынша бір-біріне сұрақтар қояды:

3. Құстар қайда жиналды?
4. Мерекені қай құс басқарды?
5. Құстар не туралы сайрады?
6. Қарғаны қай құс орманға жібермеді?
7. Бүркіт қарғаға не деді?
8. Аққу Бүркітке не айтты?

3. Жаңа түсініктер мен әрекеттер жолдарының қалыптасуы.

Сөздік:

Ұя – гнездо;

әкелді – принесли;

шешесіз, анасыз – без матери;

тұра алмайды – не могут жить;

қайғырады – будет горевать;

өліп қалады – погибнут.

I. Мұғалім сурет бойынша оқиғаны ауызша таныстырады, тақтадағы жаңа сөздерді оқиды, оқушылар қайталай отырып, аудармасын айтады. Бұдан соң жеке оқушылар оқып, аударып шығады, сөз тіркесі, сөйлем

құрайды.

II. Мәтін бойынша жұмыс. Мұғалім мәтіндегі сөйлемдерді тізбектей оқиды, оқушылар қайталай отырып, таныс емес сөздер (сөздікте берілмеген) кездессе, белгілеп отырады. Соңынан мәтінді аударады.

Тірек-сөздерді оқушылар тауып, кезектесіп тақтаға жазып шығады, қалғандары дәптерде жазып отырады.

Тірек-сөздер:

1. көрді;
2. ұяның ішінде;
3. әкелді;
4. әкесі айтты: неге? өліп қалады, қайғырады;
5. апарып қойды.

Енді «Даналық ағашы» ойынын ойнаймыз. Балалар мәтінді тағы бір рет ішінен оқып шығады да, таратылған қағазға бір сұрақтан жазып, бүктеп, сандыққа салады. Соңынан сандықтағы сұрақтарды араластыра отырып, мұғалім сұрақтарды бір-бірлеп оқиды, оқушылар жауап береді. Соңынан бір-екі оқушы түсінгендерін айтып шығады, қалғандары толықтырады.

Бұдан соң балалар мынандай сұрақтарға жауап береді:

1. Құстарды қорғау не үшін керек?
2. Құстардың қандай пайдасы бар?
3. Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады?
4. Табиғатты қорғау үшін не істеу керек?
5. Табиғатты қорғауға сен қандай үлес қосасың?

Диктофоннан құстардың дауысын тыңдатамыз.

4. Қолдану. Біліктілікті, дағдыны қалыптастыру.

«Сиқырлы сандық» ойынын ұйымдастырылады.

Сөйлесім. Оқушылар 2 топқа бөлініп, сұрақтарға жауап береді.

1. Құстар қайда тіршілік етеді?

2. Өнші құс қалай аталады?

3. Құстар қай кезде ұшып келеді?

4. Қасқыр алатын құстың атын айт

5. Алматыда қандай құстар бар?

6. Құс атымен аталатын адам атын білесің бе?

7. Үй құстарын ата.

2-жаттығу. Жазылым. Мәтіннен **көптік жалғауы**

бар сөздерді теріп жаздыру, олар арқылы тақтада өрбіту жолымен сөйлемдер құрату.

Балалар, балапандар.

1. Балалар.

2. Балалар көрді.

3. Балалар балапандарды көрді.

4. Балалар кішкентай балапандарды көрді.

5. Балалар ұядан кішкентай балапандарды көрді.

3-жаттығу. Айтылым. Берілген сөздерді ауызша тәуелдегу.


Менің ұя+м, шеше+м, құс+ым, балапан+ым

Сенің ұя+ң, шеше+ң, құс+ың, балапан+ың

Сіздің ұя+ңыз, шеше+ңіз, құс+ыңыз, балапан+ыңыз

Оның ұя+сы, шеше+сі, құс+ы, балапан+ы.

Тапсырма. Сөзжұмбақ шештіру.



1. Фламинго – қоқиқаз.
2. Ласточка – қарлығаш.
3. Яйцо – жұмыртқа.
4. Дятел – тоқылдақ.
5. Воробей – торғай.
6. Беркут – бүркіт.
7. Соловей – бұлбұл.
8. Журавль – тырна.
9. Лебедь – аққу.

Бұл сөзжұмбақ интерактивті тақтадан көрсетіле отырып, шешкізіледі.

5-жаттығу. Сөздерді жіктеп жаздыру.

Әнші, домбырашы.

Мен әнші+мін, домбырашы+мын

Сен әнші+сің, домбырашы+сың

Сіз әнші+сіз, домбырашы+сыз

Ол әнші, домбырашы.

Біз әнші+міз, домбырашы+мыз

Сендер әнші+сіңдер, домбырашы+сыңдар

Сіздер әнші+сіздер, домбырашы+сыздар

Олар – әншілер, домбырашылар.

Айтылым. Жаңылтпаш.

Көк тырна,

Көп тырна,

Тыраулап

Көп тұрма.

Берілген жаңылтпашты интерактивті тақтадан топпен бірнеше рет дауыстап оқытып, тез жаттаған балалар тез және қатесіз айтудан жарысады.

Тапсырма. Кестені толтырту және үй құстары мен жабайы құстардың атын жаздыру, оларды салыстыра отырып, адамға, табиғатқа келтіретін пайдасын айтқызу.

Үй құстары	Жабайы құстар

5. Үй тапсырмасы туралы ақпарат кезеңі.

I деңгей. Жаңылтпаш жаттау, дәптерде құстардың аттарын жазу.

II деңгей. 4-жаттығу. Сөйлемді дұрыс құрап жазу.

III деңгей. 1-жаттығу. Сұрақтарға жауап жазу.

6. Сабақтың қорытындысын шығару. Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды үлгі ете отырып, әр оқушының үй тапсырмасы мен жаңа тақырыпқа байланысты істеген жұмыстарына талдау жасай отырып баға беру.

7. Рефлексия кезеңі.

Сабақ оқушылардың «Ақ көгершін» әнін шырқауымен аяқталады.



Ботагөз СӘРСЕКЕЕВА,
Астана қаласындағы
№31 мектеп-гимназияның
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЛГІЛІ СПОРТШЫЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – өтілген модуль материалдарын қайталау арқылы оқушылардың меңгерген білімдерін жүйелеу, бекіту, үйлестіру, тақырыпқа байланысты өз ойын білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың,

алдыңғы өткен сабақтарды кайталай келіп, тілдерін, ой-өрістерін лексика-грамматикалық тапсырмалар арқылы кеңейту, сөйлеу дағдыларын дамыту, оларды меңгерту, пікір алысуға үйрету; **тәрбиелік** – Қазақстанның атақты спортшыларының жетістіктерін, спорттық өмірін үлгі ету. Спортқа деген оқушылардың қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыру.

Түрі: нәтиже сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап жарысы, сурет бойынша әңгіме, ой тастау, жүйелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, алғашқы көрсетілім көрінісі, бейне-клип, суреттер, кәртішкелер, кітап көрмесі, спорт туралы қанатты сөздер.

Сабақтың міндеттері: оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттыру; оқушылардың сөздік қорын молайту, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету; топқа бірлесе жұмыс істеуге, басқа оқушының жұмысын істеуге, бағалауға үйрету.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

II. – Біз модуль бойынша спорт, қазақстанның атақты спортшылары туралы өттік.

– Қандай тақырыптармен таныстық?

– Грамматика бойынша қандай тақырып өттік?

III. Жаңа тақырып.

Сабақтың мақсаты: өткен сабақтарға шолу жасап, меңгерген білімдерін жүйелеп, жинақтап, бекіту.

Салауатты өмір салты деген не? Қалай түсінесіңдер?

Бүгін сабағымызда «спорт» тақырыбына көңіл аударамыз.

Спорт деген сөз қандай ұғымды білдіреді?

Спорт

- Спорт туралы кім айтып береді? Спорт деген не?
- Спорттың қай түрлері дене шынықтырады?
- Спорттың қай түрлері ойды дамытады?
- Мектепте спорт үйірмесі бар ма?
- Кім спортпен шұғылданады?
- Саған қандай спорт түрі ұнайды?
- Спортпен қай кезден бастап шұғылдану керек?

Қазақстанның атақты спортшылары.

- Қазақстанның қандай атақты спортшыларын білесіңдер?
 (Жақсылық Үшкемпіров – күрестен олимпиада жеңімпазы, Дәулет Тұрлыханов – әлемнің екі дүркін жеңімпазы, Бекзат Саттарханов – Сидней олимпиадасының жеңімпазы, Әлия Жүсіпова – көркем гимнастикадан Қазақстан құрамасының көшбасшысы). Оқушылар қазақстанның атақты спортшылары туралы алғашқы слайд-көрсетілімін дайындайды.

- Сенің жақсы көретін спортшың бар ма?
- Спортқа байланысты қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
- Денсаулық – зор байлық.
- Тазалық – денсаулық негізі,
Денсаулық – байлық негізі.
- Тәні саудың – жаны сау,
Жаны саудың – дені сау.
- Денсаулық – байлықтан қымбат.

Нақыл сөздер:

– Спорт – оптимистік мәдениетті, сергектік мәдениетін қалыптастыру. /А. В. Луначарский /

Сауыңда жүгірмесең, ауырғанда әуре болуыңа тура келеді. /Гораций/

Гимнастика адамның жастық шағын ұзартады. /Д.Локк/

Тапсырма: «Полиглот». Сөздердің қазақша және ағылшынша баламасын беріңдер. Әр қатар 2 қазақша сөйлем құрастырады.

Дәптермен жұмыс.

Нәтиже сабақ орындайды.

Нәтиже сабақ.

1-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс жазындар.

а) Жарыс, мектепте, өтті, спорттық.

ә) Ұнатпаймын, ойлайтын, ойындарды, мен, көп.

Б) Волейболшы, досымның, ағасы, менің, үлкен.

В) Футболдан, барлық, жеңді, біздің, команданы,
оқушылар.

2-тапсырма. Керекті сөздерді орынына қойып жаз.

Шаңғышы күреседі

Футболшы ұрады

Палуан ойнайды

Волейболшы тебеді

Қақпашы жүгіреді

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сен таңертең жаттығу жасайсың ба?

2. Сен коньки тебесің бе?

3. Спортпен шұғылданғанды жақсы көресің бе?

4. Спортпен қай кезден бастап шұғылдану керек?

5. Спортпен шұғылданудың пайдасы бар ма?

6. Мектебінде қандай спорт үйірмелері бар?

4-тапсырма. Сынақ:

1. Қысқы спорт түрі...

а) велосипед, дойбы; ә) футбол, теннис;

б) күрес, хоккей; в) шаңғы, шана.

2. Мына спорт ойды дамытады:

а) баскетбол, бәйге; ә) дойбы, тоғызқұмалақ;

б) футбол, боулинг; в) шаңғы, коньки.

3. Қазақ халқының ұлттық ойындарын анықтаңдар.

а) ат спорты, шаңғы, дойбы;

ә) шахмат, бокс, диск;

б) көкпар, аударыспақ, тоғызқұмалақ;

в) найза, жүгіру, бәйге.

Қорытынды. Адамның денсаулығы – қоғамның байлығы.

ғы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Жас кезінен спортпен шұғылданған жөн. Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Спорт денеңді сергітіп, көңіліңді көтереді.

Бағалау.

Үй жұмысы: «Менің сүйікті спортым» тақырыбына әңгіме құрастыру.



Шынар НЕСІПБАЙҚЫЗЫ,
кешенді мемлекеттік мекеме -
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Қарқаралы қаласы.

ТІЛ ДАМУДА – КИІЗ ҮЙ

(9-сынып)

Мақсаты: білімділік – жалпы киіз үй туралы түсінік беру. Киіз үйдің құрылысына тоқталу; **дамытушылық** – жаттығу, мәтіндер арқылы сөйлеу тілін дамыту, жаңа сөздер арқылы сөздік қорын молайту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, салт-дәстүрімізді білу, үйрену. **Көрнекілік:** суреттер, оқулық. **Әдісі:** түсіндіру. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ әдебиеті, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау.

Кіріспе.

Киіз үй – қазақ халқының ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп-қонғанда тез жиып, шапшаң тізуге ыңғайлы. Киіз үйдің іші төртке бөлінеді. Жүк жинайтын бөлігі төр деп аталады. Төрдің есік жақ шеті ошаққа тіреледі. Төрге үлкен адамдар және қонақтар отырады.

1-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасандар.

Төрдің оң босаға жағы (үйге кірген кісінің оң қол жағы) үйленбеген ұлдың немесе қыздың орыны болып саналады.

Сол жақ босағаға – үйдегі **үлкендердің** (ата, әже, әке, шеше) орыны болып есептеледі. Көп балалы үйлер үлкен үйдің жанынан екінші үй не жеке қос тігіп қояды. Ал, **үйленген** балаға отау **тігіледі**. Отау үйдің сүйегі де, жасау-жабдығы да ерекше болады.

2-тапсырма. Берілген мәтінді өз сөздеріңмен әңгімелендер.

Киіз үй (оның құрылымы, ішкі безендірілуі). Қырғыз-қайсақтардың үйі оның көшпелі өміріне ыңғайлы: орташа көлем мен салмақтағы киіз үйді бір түйеге артуға болады. Ол керегелерден, жіңішке уықтар мен бірнеше киіз жабдықтардан тұрады. Біріншісі – үйдің негізі, ал, екіншісі – суық пен аяздан қорғайды. Киіз үйдің ағаш құрамы үш бөліктен тұрады: кереге, уық және шаңырақ. Төменгі бөлік немесе кереге – түйіскен жерлері қайыспен байланған, көшуге киіз үйді жыққанда жеңіл жиналып, тіккенде керілетін торкөз ағаштар. Киіз үйдің көлемі екіден сегіз керегеге дейін барады, оларды біріктіре байлағанда қанат шығады.

3-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударындар.

Киіз үй (оның құрылымы, ішкі безендірілуі). Қырғыз-

кайсақтардың үйі оның көшпелі өміріне ыңғайлы: орташа көлем мен салмақтағы киіз үйді бір түйеге артуға болады. Ол керегелерден, жіңішке уықтар мен бірнеше киіз жабдықтардан тұрады. Біріншісі – үйдің негізі, ал, екіншісі – суық пен аяздан қорғайды. Киіз үйдің ағаш құрамы үш бөліктен тұрады: кереге, уық және шаңырақ.

4-тапсырма. Сөйлемдерден сын есім, етістіктерді табындар, түрлерін ажыратындар.

Шаңырақ деп бірнеше доға етіп иіліп, көлденеу шыбықтармен бекітілген ағаш дөңгелекті айтады. Ол киіз үйдің жарық кіретін және түтін шығатын тесік қызметін атқарады. Ол қажетінше ашылып немесе қымталып отыратын киіз түндікпен жабылады. Уықтар немесе иілген үшкір ағаштар киіз үйдің күмбезін құрайды, олардың төменгі жағы керегеге байланады, ал жоғарғы үшкір жағы киіз үйдің төбесі – шаңырақтың жанынан жасалған тесіктерге енгізіледі.

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырма. Сөйлемдерді оқып, септік түріндегі сөздерге сұрақ қойындар және сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

1. Үстінде – қызыл торғын шапан, омырауында – алтын алқа. 2. Қой-ешкі, сиыр өріске кеткенімен, ауыл ақтан тарықпай отырған сияқты. 3. Сегіз қанат үйдің ішінде қызылды-жасылды жиһаз жоқ.

6-тапсырма. Викториналық сұрақтар:

1. Киіз үй неден тұрады? 2. Жауын-шашыннан, қар-бораннан қалай қымтайды? 3. Киіз үйдің ағаш қаңқасын атаңдар. 4. Шаңырақ туралы не білесіңдер? 5. Киіз атаулары қандай? 6. Туырлық пен керегенің арасына не ұстайды?

Сабакты бекіту: Мәтіндерді қазақ тіліне аудар.

1-топ. По назначению, размерам и строению юрт казахи различают три их функциональных типа: жилая, парадная,

походная. Жилая состоит из четырех подтипов: қара үй (3-канатная юрта), қоңыр үй (4-канатная юрта), боз үй (5-канатная юрта), ақ үй (6-канатная юрта)

Ақ үй принадлежит семье с достатком, “қара үй” – бедняку. “Отау” – юрта молодоженов

2-топ. В парадных юртах принимали гостей, отмечали торжественные события, проводили собрания.

1. Ақ ала орда – 8 канатная юрта.

2. Ақ орда – 12 канатная юрта.

3. Алтын орда – 18 канатная юрта.

4. Алтын үзік – более 18-ти канатов.

3-топ. Походные юрты служили жилищем во время коротких остановок в дальних перекочевках и в военной обстановке. Они собирались из неполных комплектов элементов юрты и были небольших размеров. Вот некоторые из них:

Абылайша – небольшая походная юрта без кереге. Такую юрту сооружают из уыков и шанырака.

Ақтағыр – небольшая двухканатная юрта.

Жаппа – небольшая покрытая кошмой юрта без кереге. Жаппа служила жильем для бедняков.

Жолым үй – юрта для временного проживания во время кочевья. Ее сооружают наспех, связав уыки арканом и покрыв их кошмой.

Итарқа – походная юрта из двух решеток кереге, соединенные сверху и покрытые туырлыком.

Тоңқайма – маленькая юрта сооруженная всего из нескольких уыков.

Ұраңқай – походная юрта. В сооружении такой юрты вместо уыков используют палки.

Үйге тапсырма: 72-бет, 4-тапсырма. Киіз үйді сипаттап айтып келу.

«Ы» ДЫБЫСЫ МЕН ӘРІБІ

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларды жаңа «ы» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру; ы дыбысы бар сөздерді айтып талдау, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту; 2) оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; 3) тазалыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кеспе әріптер, текшелер, сюжетті суреттер, интернет. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Түрі:** аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабаққа даярлау.

Психологиялық ахуал.

Ай да біреу аспанда,
Күн де біреу аспанда.
Тұратұғын әрқашан
Бәрімізде бір жүрек.

II. Өтілген материалды пысықтау.

- Балалар, біз бүгінгі сабағымызды «Жеті лак» ертегісінің желісі бойынша өтеміз.
- Қане, кім маған ертегінің мазмұнын айтып береді?
- Дұрыс айтасың, яғни, қасқыр ешкінің алты лағын алып кетеді екен. Ал, бүгінгі біздің сабағымызда жетеуін де алып

кетеді екен. Сол лақтарды қасқырдан біз құтқарып алып берейікші. Ол үшін қасқыр бізге бірнеше тапсырма қойып отыр екен.

1-тапсырма. «Кім білгіш?» ойыны арқылы өтілген дыбыстарды қайталайықшы (оқушылардан жеке-жеке сұрау).

- А, Т, П, Н, Ғ, Р, Л, У, Ш, Й, Қ, Д, М, Б, О, С
- Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- Дауысты дыбыстарды атаңдар (а, у, о)
- Қай дыбыс дауысты да, дауыссыз да болады? (у)
- Дыбыстарды қайтеміз? (айтамыз, естиміз)
- Әріптерді ше? (көреміз, жазамыз)
- Енді тақтаға қарайықшы. Кімнің суреті? Бала. Ненің суреті? Ай. Шар (интерактивті тақтаға жазу)
- Кеспе әріптермен жұмыс (тау, ара, лақ)
- Тақтамен жұмыс (дап, шана, нан)

2-тапсырма. «Сөз ойла, тез ойла».

Буындарды оқып, сол буындардан сөздер құрап жазу.

На, ла, ран, ша. Ой, на, ын, лан.

III. Сергіту сәті.

Ғарышкерлер ғарышқа
Байқоңырдан ұшады.
Қарсы алады тағы да
Біздің елдің құшағы.

IV. Үй тапсырмасын бекіту.

3-тапсырма. «Біліміңді тексер».

- Балалар, біз өткен сабақта қандай дыбысты өттік?
- Сс – дауыссыз дыбыс.
- С дыбысына байланысты сөздер айтайықшы.
- Су, сан, сегіз, суат. Қасық, тостақ, торсық. Тас, қас, бас.
- Балалар, С дыбысы сөздің басында, ортасында, аяғында кездеседі екен.

III. Жаңа сабақ.

Жұмбақ шешу.

Кесе, шыны, пиала...

Оларсыз шай құя ма?!

Қасықсыз тамақ жемейміз,

Бәрінің атын не дейміз? (ыдыс)

- Балалар, ыдыс сөзін бірнеше рет қайталайықшы.

- Ыдыс сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?

- ы дыбысынан.

- Балалар, бүгін біз Ыы дыбысы және әрібін өтеді екенбіз.

Ы дыбысын бірнеше рет қайталап айтқызу.

- Ы дыбысынан басталатын сөздер айтайықшы.

- Ыдыс, ырыс, ынтымақ, ық.

- Ы дыбысы дауысты дыбыс екен.

Мұғалім Ы әрібін көрсетіп таныстырады.

- Балалар, тақтадағы суреттерге қарап, мына өлең жолдарын тыңдайықшы.

Балта қатар тұрғанда

Отынменен шабатын,

«Ы» әрібін бұл маңда

Оңай іздеп табасың.

«Жіңішкелік белгінің»,

Қасына бірлік жанасты.

- Бізден күшті енді кім?

«Ы» болдық!- деп таласты.

4-тапсырма «Кім зейінді?»

- Балалар, мен өлең оқимын. Сол өлеңнен Ы дыбысынан басталатын сөздерді тауып айтыңдар.

Айтылар тойда мол тілек

«Ыдысы аққа толсын!»- деп,

«Ынтымақ, ырыс келсін!»- деп,

«Бақ, береке қонсын!»- деп.

Ырыс, ынтымақ, ыдыс.

- Енді «Сауат ашу» дәптерімізбен жұмыс жүргіземіз.
Ненің суреттерін көріп тұрсындар?

- **Ыдыс, қасық, қамшы.**

- Балалар, Ы дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі екен.

Дәптердегі сөздерді, буындарды оқыту.

5-тапсырма. «Кім ұқыпты?».

- Балалар, біз енді қасқырға әдемі жазуымызды көрсетейік.

Кімнің таза, әдемі жазатынын көргісі келіп тұр екен.

А) ауада жазу;

Ә) дәптерге жазу.

6-тапсырма. «Кім тапқыр?». Ребус шешу.

Домбырашы, қобызшы.

7-тапсырма. «Сандықшаға сал».

- Балалар, тақтада 3 сандық тұр. Сол сандықшаларға Ы дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін сөздерді ретімен салындар (ыдыс, шыны, қамшы).

V. Сабақты бекіту.

- Міне, балалар, біз қасқырдың барлық тапсырмаларын орындап, лақтарды құтқардық. Ешкі лақтарымен жауынан құтылып, бостандыққа, азаттыққа шықты. Өз еркіндіктерін алды. Біздің ата- бабаларымыз да біздің елімізді, жерімізді, болашағымызды найзаның ұшымен, білектің күшімен жауларымыздан құтқарып, аңсаған армандарына жетіп, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алған екен. Міне, сол тәуелсіздігіміздің биыл 21 жылдығын тойлап отырмыз. Сендер амандық болса 11-сыныпта еліміздің 30 жылдығын тойлайсындар. Оған дейін әлі де Қазақстан елі дамиды, өркендейді. Сол елдің өркендеуіне сендер де көп үлес қосасындар деп сенемін.

VI. Сабақ аяқталды. Сау болындар!

СЫН ЕСІМДІ ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға сын есім туралы түсінік беру. Оқушыларды сын есімнің морфологиялық қасиеттерімен, сөйлемдегі қызметімен таныстыру; **дамытушылық** – оқушыларды заттың сынын, сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықтай білуге үйрету. Оқушылардың сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – қазақ тіліне деген ынта-ықыласын арттыру.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгеру. **Көрнекілігі:** сын есімге байланысты тірек-сызба, суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу;

ә) лексикалық жаттығу;

- Балалар, қай сабақ басталды?

- Қазақ тілі бүгін нешінші сабақ?

- Қазақ тілі қандай тіл?

б) Фонетикалық жаттығу:

Ақ шар бар,

Көк шар бар,

Көп шар бар,

Бес шар бар.

2. Сұрақ-жауап (Жаңа сабаққа дайындық):

- «Ақ», «көк» деген сөздер қай сөз табына жатады? (сын есім)

- Бүгін біз сабақта сын есім туралы айтамыз.

3. Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау:

- Сабағымыздың тақырыбы – «Сын есімді оқыту».

Сабағымыздың мақсаты: сын есіммен, сын есімнің сөйлемдегі морфологиялық қызметімен танысу.

4. Жаңа тақырыпты меңгеру:

а) - Что вы знаете о имени прилагательном, как части речи из русского языка?

- Имя прилагательное – часть речи, которая отвечает на вопросы какой? какая? какие? чей?, обозначает признаки предмета и в предложении чаще всего является определением.

ә) – А сейчас, ребята, ваша задача найти отличие имени прилагательного в казахском языке от русского. Обратите внимание на примеры и сделайте выводы:

әдемі қыз

үлкен мектеп

әдемі қала

үлкен мектептер

әдемі гүл

жақсы оқушыға

жақсы оқушыны

б) – Кестеге қарап, сын есімнің ережесін құрастырыңдар.

Сын есім

Қандай?

Заттың сынын:

1. Түрі, түсі;

2. Аумағы, салмағы;

ақ, қызыл

3. Сипаты мен сапасы;

үлкен, кең

4. Дәмі;

қатты, тәтті

5. Көлемі+н білдіреді.

домалақ, түзу

Мен әдемі қалада тұрамын.

в) – Оқулықтың 72-бетін ашып, ережесін оқып, бір-бірлеріңе айтыңдар.

5. Алған білімдерін қолдану кезеңі:

а) 1-тапсырма. 71-беттегі сөйлемдерді оқып, ішінен сын

есімдерді табыңдар. Оларға сұрақ қойыңдар.

ә) – Бұл сөйлемдердегі сын есімдер заттың қандай сынын білдіреді?

б) – Сын есімдердің антонимдерін табыңдар (суық, жылы, үлкен, ыстық, биік).

г) топтық жұмыс:

1-топ. 2-жаттығу. Сөйлемдерді оқу, аудару, сын есімдерді табу.

2-топ. 3-жаттығу. Өлеңді оқу, сын есімдерді табу, өлеңнің мазмұнын айту.

д) топтық жұмыс:

Назовите прилагательные, которые называют признаки предмета. Алма, сынып, қала, нан.

е) Буквенный диктант.

Қызыл, жасыл гүлдің,

Қызыл, сары күннің,

Аппақ, таза қардың

Суреттерін салдым.

Мына бояу күлгін,

Түсі емес пе күлдің?

Түсі сары күздің,

Түсі көкшіл мұздың,

Бота, інген – бозы,

Қап-қара анау қарға,

Одан қара бар ма?

Аю салдым қоңыр,

Қара қоңыр – көмір.

Ақсары – өзім,

Қоңырқайы – көзім...

Қиын емес маған,

Бәрін бояй алам!

(С.Оспанов)

Сары – қозы. (қ, ж, қс, а, т, к, с, к, б, с, қ-қ, қ, қ, ққ, а, қ.)

6. Бекіту: а) Полиглот ойыны.

1. Туған жердің жуасы да **тәтті**.

2. Туған жердің жері де **көрікті**, елі де сүйікті.

3. Туған жердің күні **ыстық**.

4. Отан – оттан да **ыстық**.

- Какова общая тематика всех пословиц?

ә) - Вы узнали много нового: познакомились с именем прилагательным и его грамматическими признаками, особенностями употребления.

1. *Үлкен* сөзі заттың қандай сынын білдіреді?

а) түсін; ә) дәмін; б) көлемін.

2. *Әдемі* сөзінің синонимін тап. а) көркем; ә) лас; б) бай.

3. *Ақылды* сөзінің түбірін тап.

а) ақ; ә) ақыл; б) ақылды.

4. Сөйлемнің дұрыс аудармасын тап.

Қалада жаңа үйлер салынды.

а) В городе много новых домов;

ә) В городе есть новые дома;

б) В городе построены новые дома.

– Сабақтың тақырыбын айтыңдар.

– Сабақта нені білдіңдер?

– Сендерге сабақ ұнады ма?

7. **Үйге тапсырма:** а) ережені жаттау; б) 72-беттегі сөз тіркестерін оқу, олармен сөйлем құрастыру.

Бағалау.



Әлия МҰҚАТАЕВА,

Ақмола облысының

Шортанды қаласындағы

Жоғары техникалық мектебінің

кәсіби қазақ тілі

пәнінің оқытушысы.

СЫН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: 1) металдар жайлы жалпы мағлұмат беру, сын есім тарауы бойынша алған білімдерін пысықтау, бекіту; 2) студенттерге ауызша, жазбаша жаттығуларды орындата отырып, сауаттылығын, ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, тілін дамыту, сөйлем құрастыру.

Кәсіби тілде сауатты сөйлеуге дағдыландыру; 3) туған жер табиғатын аялап, қорғауға баулу, экологиялық тәрбие беру. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: тірек-сөздер, кластер, суреттер, үлестірме материалдар. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық іздендіру, аударма. **Пәнаралық байланыс:** арнайы пән, химия, орыс тілі. **Түрі:** аралас сабақ.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Сәлемдесу. Студенттерді түгелдеу.
- ә) Кезекшімен сұхбат.
- б) Сабақтың тақырыбын, мақсатын түсіндіру.

II. Өткен сабақты пысықтау.

III. Жаңа сабақ.

1. Сөздік жұмысы:

Қасиеттері – свойства;

Төзімділігі – прочность;

Шойын – чугун;

Сирек – редкий;

Асыл – драгоценный;

Мыс – медь;

Қорғасын – свинец;

Мырыш – цинк;

Қалайы – олово;

Майысқыш – гибкий.

2. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін оқып, жаттығыңыз, сөйлем құрыңыз.

3. Мәтінмен жұмыс: Металдар туралы мәлімет.

Металдар адамзат қоғамына ерте кезден бері белгілі. Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесіндегі 100-ден аса элементтің 80-ге жуығы металдарға жатады. Ал, қалғандары – металлоидтер мен инертті газдар. Металдар – ең көп тараған элементтер. Жер астында, өзен, көл, теңіз, мұхит

суларында, хайуанаттар мен өсімдік ағзасында металдар бар. Металдар екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа темір және негізінен темірден құралатын темір қоспалары жатады. Мысалы: шойын, болат және болаттың кейбір сорттары.

Екінші топқа түсті металдар жатады. Бұл топқа темір қосылыстарынан басқа металдар кіреді. Түсті металдар: ауыр, жеңіл және асыл түсті металдар деп төртке бөлінеді.

Ауыр металдарға: мыс, никель, қорғасын, қалайы, мырыш, хром, марганец және осылардың қоспалары жатады.

Металдар – қатты майысқыш, жылтырауық денелер. Алюминий темірден 3 есе жеңіл, магнийден 4,5 есе жеңіл. Метал ішіндегі ең жеңілі – литий. Ол темірден 15 есе жеңіл.

Өнеркәсіпте металдарды негізінен пирометаллургия, гидрметаллургия және электрметаллургия әдістерімен алады. Бүгінгі күні металдарды қолданбайтын өндіріс саласы жоқ. Оларды құрылыста, тұрмысқа қажет бұйымдар жасауда, ауыл шаруашылығында, т.б. кеңінен қолданады.

4. Мәтін бойынша тапсырмалар:

а) Мәтінді мәнерлеп оқып, орыс тіліне аударыңыз.

ә) Мәтінге қатысты сұрақтар құрастырыңыз.

б) Сөздерді орын тәртібі бойынша орналастырыңыз:

Саласы, металдарды, бүгінгі, жоқ, өндіріс, қолданбайтын, күні. Бай, байдың, жері, елі.

в) Шойын, болат, қоспа, темір сөздерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

г) Темір, болат, шойын қандай металға жатады? (Түсті, қара, асыл)

ғ) Мәтіннен сызба бойынша сөз тіркестерін жазып алыңыз:

сын есім + зат есім

зат есім + етістік

зат есім + зат есім

5. Мәтіндегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып жазыңыз: таулы, төзімді, жылтырауық, майысқыш, үлкен, ащы, ауыр, болаттай, түсті, қайратты, боз, қыстай, қатты, ақшыл, жеңіл.

Сын есімнің түрлері:

Мағынасы мен грамматикалық құрылысына қарай:	Сапалық сын есімдер	қара, күрең, түсті, жеңіл, ащы, алыс
	Қатыстық сын есімдер	сулы, таулы, таусыз, сусыз.
Құрамына қарай:	Жалаң сын есімдер	ақ, қызыл, торы.
	Күрделі сын есімдер	жирен қасқа, көкпеңбек

6. Мақал-мәтелдердің ішінен сын есімдерді тауып аударыңыз, астын сызып, сұрақ қойыңыз:

1. «Темірді қызған кезде соқ».
2. «Егер сен нағыз адам болсаң, болаттай берік бол».
3. «Темір сырын отта танытар, адам сырын жоқта танытар».

4. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын».

5. «Қойдың сүті – қорғасын».

6. «Ел іші – алтын бесік».

7. «Пәлен жерде алтын бар, іздеп барсаң, мыс та жоқ»

7. Мәтінді қазақ тіліне аудар:

Металлы часто извлекают из земли средствами горной промышленности, результат — добытые руды — служат относительно богатым источником необходимых элементов. Для выяснения нахождения руд используются специальные поисковые методы, включающие разведку руд и исследование месторождений. Месторождения, как правило, делятся на карьеры (разработки руд на поверхности), в которых добыча ведётся путем извлечения грунта с использованием тяжелой техники, а также — на подземные шахты.


8. Жағдаяттық тапсырмалар:

1. Сіз «Васильковский ГОК» комбинатына келдіңіз. Мекеме басшысынан жұмыс туралы, жұмысшылардың еңбек жағдайы, еңбекақылары туралы сұраңыз. Сол туралы өзіңіздің пікіріңізді білдіріңіз.

2. Досыңыз сіздің оқу орныңызға келді. Ол шеберхана туралы білгісі келеді.

Шеберхана жайлы әңгімелеңіз.

9. Тақырып бойынша кластер құрастырыңыз.



10. Кластер бойынша металл атаулары туралы толық мәлімет беріңіз.

Ауыр металдар: мыс, никель, қорғасын, қалайы, мырыш, хром, марганец.

Түсті металдар: жеңіл, сирек, асыл түсті металдар.

Темір металдар: шойын, болат және болаттың кейбір сорттары.

11. Сабақты “Тапқыр аудармашы” өлеңімен қорыту.

Қаратау (свинец) береді, Алтайда (золото) өндіреді.

(Медь) сыйлап Қарсақпай, бәрі байлық төгеді.

(Угольная база) Қарағанды, Ақтауда (нефть) ағады.

(Железо) кені бар Қостанай, ешқашан артта қалмайды.

12. Бекіту. Үй тапсырмасы. Бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кен ісі және металлургия» қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. А., 2000.

2. И.Мырзабаев. Химиялық элементтер – өмір өзегі. А., 1964.

3. А.И.Игнатенко. «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығына арналған методикалық нұсқау, 2007.
4. Қ.Хайыров, Г.Хайырова. Тау-кен техникалық түсіндірмелі сөздігі.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1997.



Индира МҰСТАЖАПҚЫЗЫ,
№11 кәсіптік лицейдің
оқытушысы.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

СӨЙЛЕМ ҚҰРАТАТЫН АСТАНАҒА САЯХАТ

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушыларға бас қаламыз Астана туралы мағлұмат беру. Айшықты Астананың келбетін таныту. Дүниетанымдарын кеңейту. Сауаттылықтарын қалыптастыру. Етістердің түрлерін білу, жұрнақтарын оқыту. Сөзден сөйлем құрай алуға үйрету; **дамытушылық** – тілге деген құрмет-сезімдерін дамыту. Ана тілінде сөйлей білу мәдениеттіліктерін жетілдіру. Шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелік** – Астанадағы Азиада ойындарының мән-мағынасын түсіндіру. Спортты сүйу, салауаттылықты ұстануға баулу. Отанына деген құрметін, еліне қызмет ете білуін тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** СТО әдісі, интерактивті, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, компьютер, үлестірмелі топшамалар.

Сабақтың өту жоспары:

1. Қызығушылықты ояту сатысы:

Семантикалық картамен жұмыс.

Ассоциация.

2. Мағынаны тану сатысы:

Мәтінмен жұмыс.

«Менің Астанам».

Грамматикалық тапсырмалар:

«Менің Азиадам».

3. Ой-толғаныс сатысы:

Сөзжұмбақпен жұмыс.

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде Астана туралы өлең оқылады. Сабақтың мақсат-міндетімен, өту жоспарымен таныстыру.

Үй тапсырмасын сұрау. Семантикалық картамен жұмыс жүргізу. Өткен тақырыпты қорыту мақсатында сұрақтар мен тапсырмалар жазылған топшама таратылып, оқушылар жауап береді.

Үй тапсырмасы:

Семантикалық картамен жұмыс

Сұрақтар мен тапсырмалар	Көптік жалғауы	Қос сөздер	Омонимдер	Менің	Біреткес	Кімнен? Ненден? Қайдан?	Қазақша ет
Дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа сөздерді қандай сөздер дейміз?			+				
Жеті рет өлшеп,...../ мақал/					+		
Биік-биік, үлкен-кіші, құрт-құмырсқа, балашаға сөздері қай сөздер тобына жатады?		+					
Шығыс септігінің сұрақтарын ата						+	

Лар-лер-дар-дер-тар-тер қандай жалғаулар?	+						
Ең негізгі ұлттық тағам-							+
Тәуелдік жалғауының I жағы				+			

- Оқушылар, біз бүгін «Қазақстанның экономикасы» деген үлкен тарауды бастаймыз. Қазақстан экономикасы дегеніміз не? Кәне, топтастыру жұмысын жүргізіп көрейік. Тақтаға жазамыз.

Қазақстан экономикасының үлкен жетістігі бұл — елордамыз Астананың көркейіп, әлем таныған келбеті. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Астанаға саяхат» деп аталады.

«Көркейген Астана тарихы» атты деректі суреттер көрсетіледі.

Мәтінмен жұмыс. «Астанаға саяхат» мәтінін оқушылар оқиды.

Ұшақпен Астана қаласының әуежайына келдік. Сарарқаның самалы соғып тұр. Әуежай жақтан кірер жолда биік мемориал орнатылыпты. Ол - саяси қуғын көрген адамдарға арналған ескерткіш. Ескерткіштерге гүл шоқтарын қойдық.

Біз “Турист” қонақүйіне орналастық. Қала Есіл өзенінің бойында екен. Зәулім үйлер көптеп салыныпты. Маған Парламент үйі қатты ұнады.

«ҚазМұнай Газ» ұлттық компаниясының ғимараты да ерекше әсем. Біз балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайында өнер көрсеттік. Көркейген Астана көз қуантады.

Мәтінде аталған нысандардың суреті тақтадан көрсетіледі.

Астана әуежайы.

Саяси қуғын көрген адамдарға арналған ескерткіш.

«Турист» қонақүйі.


Есіл өзені.

Парламент үйі.

«ҚазМұнайГаз» компаниясы.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайы.

Грамматикалық тақырыппен жұмыс



Өздік етіс – іс-әрекеттің қимыл иесіне тікелей қатыстылығын білдіреді.

Жұрнақтары: -н, -ын, -ін. Мысалы: Айдана тара-нды, Динара жу-ынды, Сафура ки-інді.

1.1-жаттығу. Диалог құрастыру. «Әуежайда»

Оқушылар бір-бірімен сөйлесім ұйымдастырады.

- Астананың қысқы Азиадаға әзірлігінің керемет екендігі көрініп тұр.

- Азиада жөнінде Алматыда қандай жаңалықтар бар?

Алматыда бірнеше бес жұлдызды қонақүйлері Азиада қонақтарын қарсы алуға дайын.

Алматыда Азиада ойындарының қандай түрлерінен жарыс өтеді?

Барлық түрінен. Әсіресе, биатлон,

- Алматының қай жерлерінде өтеді?

- Шымбұлақ

1.2-жаттығу. Сұрақтарға жауап беру.

1.3-жаттығу. Берілген етістерге сөйлем құрау.

Ойлан. Ахмет көп ойланды. Шешін. Қонақтар сырт

киімдерін шешінді. *Жуын, жуынды, жуынады.* Асқар жуынып жұмысқа шықты. *Таранды.* Тотыдайын таранған, Айна алдында ұзақ таранды.

Киінді. Әйгерім әдемі киініп келген.

Суретті сөздік.

VII қысқы Азиада ойындары еліміздің бас қаласы – Астанада кеше, 30 қаңтарда салтанатты ашылуы болды. Елбасының әлемдік аренадағы беделінің арқасында алып елдермен иық тірестіре отырып, ақ олимпиаданы өткізуіміздің өзі – ұлы мәртебе. «Астана-арена» стадионында ашылған спорт мерекесі 6-ақпанға дейін жалғасады. Барлығымыз да Қазақстан спортшыларына жанкүйер болайық, ақ жол тілейміз. Қысқы спорттың бірнеше түрінен жарыс өтеді. Қазір біздер тақтадан Азиада ойындарында өтетін жарыстар көрсетіледі. Сол суреттерге қарап сөйлем құраймыз.

Суреттер көрсетіледі. Шорт-трек, биатлон, тұғырдан секіру /трамплин/, мәнерлеп сырғанау, хоккей, т.б.

Қызықты грамматика.

Мәтіндегі тірек-сөздерге сөз тіркестерін құрастыру.

Саяхатқа шығу, саяхатқа бару, саяхат жасау. Өнер көрсеттік, өнер таныту, өнер көрсету. Астана асқақ, Астана байтақ, Астана әсем, ескерткішке гүл қойдық, ескерткіш орнатылған, ескерткіш қойылған.

Ой толғаныс сатысы:

Сөзжұмбақпен жұмыс Астана – Азиада – Алматы деп аталады.

1. Допты хоккейден ойын көрсететін қазақстандық құрама команда.

2. Спорттық саяхат.

3. Мергендік шаңғы сайысы.

4. Қысқы спорт түрі.

5. Жіктік жалғауының I жағы қалай аталады?

6. Іс-әрекеттің орындаушыға (қимыл иесіне) қатыстылығын анықтайтын етістіктің бір түрі.

Тест жұмысы:

1. Етістер дегеніміз не?

а/ Қимылдың сөйлеп тұрған сәттен әлдеқайда бұрын болғанын білдіреді;

ә/ Іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді;

б/ Қимылдың орындаушыға қатысын білдіріп, белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі.

в/ Жуықта болған қимылды білдіреді.

2. Етістердің неше түрі бар?

а/ 3; ә/ 4; б/ 2; в/ 5.

3. Қимылдың орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіретін етістің түрі:

а/ өздік етіс; ә/ ортақ етіс;

б/ өзгелік етіс; в/ ырықсыз етіс.

4. -тыр, -тір, -дыр, -дір, -ыр, -ір, -т, -қыз, -ғыз жұрнақтары арқылы жасалған етістің түрі:

а/ өзгелік етіс; ә/ ырықсыз етіс;

б/ өздік етіс; в/ ортақ етіс.

5. Ортақ етістің жұрнақтарын тап:

а/ ыл, -іл, -л, -ын, -н, -ін; ә/ ыс, -іс, -с;

б/ қыз, -ғыз, -ыр, -ір, -т; в/ тыр, -тір, -қыз, -кіз.

6. Істі істеуші адам арнайы айтылмай, тек қана істелгендігін білдіретін етіс түрі:

а/ өздік; б/ өздік;

ә/ ырықсыз; в/ өзгелік.

Дұрыс жауаптары: 1-б 2-ә, 3-а, 4-а, 5-ә, 6-ә.

Үйге тапсырма: ереже жаттау. «Менің Азиадам» атты эссе жазып келу.

Оқушыларды бағалау.

ЕТІСТЕР

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – төрт етіс туралы түсінік беру, өткен сабақтармен байланыстыру, ерекшелігін анықтау; **дамытушылық** – тапсырмалар, сұрақтар, ойын арқылы оқушылардың дүниетанымын, ойлау, жазба, ауызша тіл байлықтарын және шығармашылық қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – бірлесіп еңбектенуге, ұлтжандылыққа, мемлекеттік тілді сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап. **Жабдықталуы:** оқулық, кесте, бағалау парағы, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың көңілін сабаққа аудару.

II. Ұй тапсырмасын тексеру кезеңі. Етістік тақырыбынан өткенді қайталау.

Етістік деп қандай сөз табын айтамыз? Етістік құрамына, мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

III. Білімді тексеру кезеңі. Оқушыларға бағалау парақтарын таратып беру. Тест жұмыстарын таратып беру. Етістікті қайталауға арналған тест сұрақтары:

1. Туынды етістікті табындар:

А) кел; Ә) жаз; Б) оқы; В) ойла.

2. Негізгі етістікті табындар:

А) ойна; Ә) ойла; Б) жаз; В) әкет.

3. Сабақты етістікті атаңдар:

А) әкел; Ә) көмектес; Б) қалма; В) жатыр.

4. Қалып етістігін атаңдар:

А) тұр; Ә) айт; Б) ойла; В) жаз.

5. Туынды етістікті атаңдар:

А) ойна; Ә) ойын; Б) ойлы; В) ойна.

6. Дара етістікті табыңдар:

А) оқып отыр; Ә) айтып тұр; Б) оқыды; В) ойнап жүр.

7. Күрделі етістіктерді табыңдар:

А) оқыды; Ә) жазды; Б) ойнады; В) ойнап жүр.

8. Болымсыз етістігінің жұрнағын табыңдар:

А) -ған, -ген; Ә) -атын, -етін; Б) -ма, -ме; В) -ып, -іп.

9. Негізгі етістікті атаңдар:

А) кел; Ә) ойна; Б) сана; В) ақылдас.

10. Болымды етістікті табыңдар:

А) барма; Ә) жаз; Б) оқымады; В) жазбады.

Интерактивті тақтадан дұрыс жауаптарын шығару, партада отырған оқушылар бір-бірінің жұмысын тексеріп, бағалайды.

IV. Мақсат қою кезеңі. Оқушыларға сабақтың барысын, мақсатын түсіндіру.

V. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі. Оқушының жаңа тақырыпты меңгеруіне бағдар беру.

Нені білуіміз керек? Нені үйренуіміз керек?

Етіс іс-қимылдың орындалуына, орындаушының қатысы қандай екенін білдіреді.

Етіс түрлерін слайдпен көрсету, сөйлем құрастыру.

VI. Жаңа білімді тексеру кезеңі. Интерактивті тақтамен жұмыс. Көп нүктенің орнына етістіктің жұрнақтарын қойыңдар: Көшеге ағаш отырғыз... (-ыл) ды. Біздің ауылда тек қайың отырғыз ... (-ыл) ады. Халық жина ...(-л) ды. Алматы алыстан көр ... (-ін) ді. Таңның атқаны біл ... (-ін) ді. Ақындар қол ал ... (-ыс) ты. Жаңа ғимарат сал ... (-ын) ды.

Мына өлең шумақтарынан өзгелік етістерді тауып

теріп жазыңдар:

*Арманға бізді жеткізіп, Сабадан қымыз құйдырып,
Қайғыны ойдан кеткізіп, Ортасына қойдырып,
Мәңгі жарық алтын күн, Жасы үлкендер бір бөлек
Туғызған бізге бұл заман. Кеңесіп, күліп, сылқылдап.
Сүйіндірді, күлдірді, (Абай).
Ортама келді ырыс-құт (Жамбыл).*

Оқулықпен жұмыс.

15-жаттығу. Төмендегі сөздерден етіс жасандар
(Тақтамен жұмыс) Ки, көр, жу, тара.

18-жаттығу. Мәтіннен ортақ етісті табыңдар (Ауызша
талдау)

«Кім жылдам?» ойыны. (Топпен жұмыс).

I топ. Өздік етіс және өзгелік етіспен сөйлем құру.

II топ. Ырықсыз етіс және ортақ етіспен сөйлем құру.

VII. Сабақты қорытындылау. Бүгінгі сабақтан не
үйреніп, не білдің? (интерактивті тақтадан сызбаны көрсету).

Іс-қимылды өзге біреуге орындатқызатын қай етістің
түрі?

1. Іс-қимылдың бірлесіп, ортақтасып істелінуі қай етістің
түрі? 2. Іс-қимылды адамның өзі істеуі қай етістің түрі?

3. Іс-қимылдың өздігінен жасалғандай көрінуі қай етістің
түрі?

Шешуі: 1. Өзгелік. 2. Ортақ. 3. Өздік. 4. Ырықсыз.

VIII. Үй тапсырмасы жайында мәліметтер беру кезеңі.

4-тапсырма. 1) Берілген етістіктерден етіс түрлерін
жасандар. 2. Етістің ережесін жаттау.

IX. Рефлексия кезеңі. Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді
төмендегі түстер арқылы көрсетіңіздер.

Жасыл түс – жаңа сабаққа көңілім толды.

Сары түс – бүгінгі сабақ сезіміме әсер етті.

Көк түс – жаңа сабақты толық түсінбедім.

Гүлмира ҚИБАТҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Бұқар жырау ауданындағы
«Үштөбе» орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ҚОЖА МЕН ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИНСПЕКТОРЛАРЫ

Мақсаты: елімізде жол апаттарын болдырмау үшін білімдерін жетілдіру; баршаға ортақ жол ережелерін көркем фильмнің үзінділері арқылы кең көлемде түсіндіру.

Сахнадан дауыс: сіздердің назарларыңызға көркем фильм «Менің атым – Қожа». Түсірілген жылы – 2012 жыл.

(Қожа түс көреді.) Кинофильмнен музыка.

Жол белгілері ақырын асықпай сахнаға шығады.

- Қожа, біз жол белгілеріміз! Саған жолда жүруді үйретеміз!

- Ал танысайық!

- Мен – ескерту белгісімін.

- Мен – тыйым салу белгісімін.

- Мен – нұсқау белгісімін.

- Мен – міндеттеу белгісімін.

Қожа: - Сендер өте көпсіңдер! Бірақ мен барлықтарыңды білемін.

(Белгілер асықпай кетіп қалады).

Қожаны әжесі оятады.

- Қожа, Қожатай, құлыным менің, сен бүгін сабаққа бармайтын ба едің, жаным-ау?

- Мәссаған, әже, сіз неге ертерек оятпадыңыз? Бүгін жас жол инспекторлардың дайындығынан қалып қойдым ғой.

- Қандай дайындық?

- Жас жол қозғалысының инспекторларының дайындығы (Қожа асығып кетеді).

- Қайда кеттің? Қожатай, Қожатай, бас киімді ки дедім ғой.

Отряд топ әнімен шығады:

- 1, 2, 3 «Жас қыранда» күш!

3, 2, 1 жол ережесін біл!

Айтшы, біз кімбіз?

Жолда жол ережесін меңгерген,

Сақтықта тұра алатын «Жас қыранбыз».

Топ командирі: Біздің топ.

Барлығы: Жас қыран.

Біздің ұранымыз: Арманға алда күткен асығамыз

Біз қалай толқын атпай басылармыз?!

Жол ережесін жақсы біліп,

Сақтыққа тұра алатын жас ұланбыз!

Балалар сапта тұрып ән айтады. «Қазақ осы» әнінің әуенімен:

Жолда жүрген инспекторды біліп қой,

Жаны ашып, «Сен абайлап жүр» дейді ол.

Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,

Нағыз инспектор – осы, міне, танып қой.

Инспектор осы – ашық-жарқын қабағы,

Балалар келсе, шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, саған да ол кетерде

Ақыл айтып, жол белгісін нұсқайды.

Біз «Жас қыран» – жас қайратты балалар,

Жол тәртібін сақтауға үйренеміз.

Біз – болашақ ұшқыр ойлы ұланбыз,

Ел жастары арасынан шыққанбыз!

Жанар: - Өте жақсы, достар, енді біз жол ережелерін қайталап жіберейік!

Сахнаға Қожа жүгіріп келеді.

- Кешіріңдер, мен дайындықтан қалып қойдым.

- Сен осы сабаққа да кешігіп келесің, дайындыққа да кешігіп келесің. Сен сонда қалай жол инспекторы боласың?

Инспектор қандай болу керек? Білесің бе?

Жантас: - Ол мектепке келе жатқанда Сұлтанмен жолда футбол ойнады.

- Қайда ойнауға болады?

- Ауланың алаңында.

- Машиналар жоқ, тегіс жер.

- Ойнауға да қауіпсіз.

- Шана, шаңғы, футбол.

Барлығы: - Ауладағы спорт!

Жантас: - Ой! Қожа маған тиісті!

- Қожа, сенсің бе!

- Мен!

- Шық сыныптан!

Қожа: - Мені ешкім түсінбейді.

Сахнаға Сұлтан келеді.

Қожа: - О! Сұлтан!

Сұлтан: - Чау Баубино!

- Қайдан жүрсің?

- Әлемдегі ең биік таудан (Ысқырып айтады). Мен тамаша жер таптым. Міне! Жолдар мынадай! Машиналар мынадай!

- Алыста ма?

- Қалада.

- У!У! У!

- Ал кеттік пе?

- Сұлтан, мен жол ережелерін қайталап алайын.

(Сахнаға осы сәтте жол белгілері шығады)

Сақтандыру, ескерту белгісі:

Қып-қызыл үшбұрыш,

Қауіптен сақ бол деп сәт-сапар жолдаған.

Аман-сау жүреді жаяу да, көлік те,

Мен берген белгіні сақтаған, қолдаған.

Тыйым салу белгісі:

Қызылмен боялған, шеңбермін аумақты,

Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,

Қауіп бар, бағдарла көз салып жан-жақты.

Міндеттеу белгісі:

Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты,

Міндетті бұрылыс, әйтпесе қауіпті.

Барлығын анықтап тұрамын жолыңда,

Абай бол, шартыңды міндетті орында!

Нұсқау белгісі:

Баратын жеріңнің бағытын, тұрағын,

Үн-түнсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.

Күндіз де, түнде де от болып жанады,

Көк түске боялған төрт бұрыш шырағым.

Қожа: - Сұлтан, көрдің бе мен барлық жол белгілерін білемін!

Бағдаршамның қасында тоқталады.

Сұлтан: - Мынау не?

Қожа: - Бұл – бағдаршам. Қызыл жанғанда – тоқтаймыз, сары жанғанда – дайындаламыз, жасыл жанғанда – жүреміз.

Бағдаршам әні «Саржайлау» әнінің әуенімен.

Армысың, үш түсін өрнектеген

Көшелерде, балақайды, сақтап тұрған, Бағдаршамым!

Үш көзі жанарда: **тоқта, сақтан, жол ашық,**

Есте сақтап, абайлаймыз, Бағдаршамым!

Жолда жүру әліппесін

Білген жөн бес саусақтай,
Жол сілтеуші – Бағдаршамым!

Үйренеміз, Бағдаршамым!

Сахнаға кішкентай бала шығады да, сол сызықтармен өтеді.

- Сен кімнің баласысың?

- Жұмағұлдың.

- Жасай берсін Жұмағұл!

- Әкең кім!

- Мемлекеттік автоинспектор.

- Солай ма? А! А!

- Сенің атың кім?

- Дәурен.

- Менің де атым – Дәурен! Ондай адамдар өтірік айтпайды! Сен неге осы жолмен жүрсің?

- Бұл – жаяу жүргіншілердің жолы!

Ән. «Еркем-ай» әнінің әуенімен.

Жолды кесіп өткенде

Солға қара алдымен,

Ортасында барғанда

Оңға қара тоқтап сен.

Сақтанғайсың көліктен

Жазуды сен көргенде.

Абайлап тек өткейсің,

Балақайлар, бұл жерден.

Көлік жүрер жерменен

Жүруге еш болмайды.

Есте сақта, балақай,

Апат болса, сол – қайғы.

Жолға шығып ойнауға
Болмайды еш, балақай
Көліктерді көргенде
Жүру керек абайлап.

Сұлтан: - Мұның бәрі – өтірік, өте берейік!

*(Осы кезде Сұлтан мен Қожа машинаға соғыла
жаздады).*

(Сұлтан мен Қожа жарақаттанады).

«Армандастар» әнімен:

– Бір ауылдың, бір сыныптың жастары едік,

Бәріміз бір өмір жолын бастап едік.

Ер жігіттер қайда?

Қыздарымыз қайда?

Инспекторлар, дәрігерлер қайда екен?

Сахнаға жас жол инспекторлары шығады.

Жанар: - Көрдің бе, Қожа, егер жол ережелерін
сақтамасаң, жол апатына ұшарап қалуымыз мүмкін еді. Енді
жол ережелерін сақтауға уәде бересің бе?

Қожа: - Уәде беремін!

«Қазақ жігіттері» әнімен:

Инспектор боп туған,

Әке жолын қуған.

Ерлері ел үшін

Белін бекем буған.

Таяқтың ұшымен,

Өзінің күшімен

Қорғаған апаттан

Үлгі алғын ісінен

Алға, алға, алға қазақ инспекторы!

Сенім артқан балаларымыздың өміріне,

Үлкен жолда бала дұрыс жүруін

Қадағалар, нағыз инспектор – осы!

ҚОС ТІЛ БІЛУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін байқау. Қазақ тілінде ауызекі сөйлей білуге үйрету, өз ойларын айта, жаза білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – ой-өрісін кеңейту, ұшқырлыққа, ізденімпаздыққа, тапқырлыққа баулу; **тәрбиелік** – адамгершілікке, достыққа үйрету. Өз Отанын сүйетін, мақтан ететін азамат тәрбиелеу.

Көрнекілігі: алтын қақпа, плакаттар, қанатты сөздер, музыкалық көркемдеу, сайыс жоспары, интерактивті тақта. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, блиц турнир, сөзден сөз шығарып, оны сату, ауызекі сөйлеу, мәтінмен жұмыс. **Түрі:** сайыс-ойын сабағы. **Пәнаралық байланыс:** елтану, музыка, тарих.

Сабақтың барысы:

1. Мұғалімнің кіріспе әңгімесі:

- Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен қонақтар, оқушылар! «Алтын қақпа»деп аталатын, сайыс түріндегі сыныптан тыс шарамыздың тақырыбы: «Қос тіл білу – өмір талабы». Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына жолдаған жолдауында «Мемлекеттік тілді игеру – әрбір азаматтың ізгілікті борышы» деп айтқан болатын. Сол себепті орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл – қазақ тілін үйрену, игеру – бүгінгі заманның басты талабы. Бұл сыныптан тыс шарамызды Абай атамыздың мына өлең жолдарымен

бастауға рұқсат етіңіздер.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап,- дегеніндей, әр топ, әр оқушы өзінің еңбегі мен ақылына сүйене отырып, бүгінгі сайысымызда «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар атанып» өзін көрсетуі қажет.

Сонымен, ойынымызды бастаймыз.

Мына жерде бүгінгі сайысты бағалайтын сарапшылар отыр. 11-сынып оқушылары. Олар мынадай фишкалар арқылы бағалайды, яғни, қызыл түс «5» деген ұпайды, көк түс «4», сары түс «3» деген ұпайды білдіреді. Ойын соңында қай топ көбірек ұпай жинаса, сол топ жеңімпаз атанады.

I. Топтардың өзін-өзі таныстыруы (сайыскерлерді ортаға шақырамыз)

1-топ. «Ойшылдар».

Топтың ұраны:

«Атадан бала туады,

Ата жолын қуады».

Сәлемдесу:

Кім көп білсе, сол мықты,

Қарсыласын ол жықты.

Егер ойшыл болсаңдар,

Мүмкіндік мол жол таңдар.

2-топ. «Тапқырлар».

Топтың ұраны:

«Ата салтын сақтаймыз,

Ел үмітін ақтаймыз».

Сәлемдесу:

Тапқырлар да қалыспас,

Сондықтан да ойында

Босқа тұрма, жарыстас.

II. Ойынымыз төрт бөлімнен тұрады. Ойынымыздың бірінші бөлігі:

А) «Тас қақпа». Бәйге. Мұнда «Бәйге» ойыны ойналады. Екі топтан екі сайыскер қатысады. Кімде-кім 1 минутта қойылған сұрақтарға дұрыс, тез, көп жауап берсе, сол жеңімпаз атанады.

«Ойшылдар» тобына:

1. Біз қайда тұрамыз? 2. Тұңғыш қазақ ғарышкері? 3. ҚР алғашқы президенті кім? 4. Киіз үйдің төбесі? 5. «Биік» сөзінің антонимі? 6. Абайдың шын аты? 7. «Қандай» сұрағына жауап беретін сөз табы. 8. ҚР рәміздерін ата? 9. Алқа, білезік, жүзік деген не? 10. Тәуелсіздік күні? 11. Степногорск қаласына биыл неше жыл? 12. Ұлттық валютамыз қай жылы айналымға енді? 13. Шәкен Айманов кім? 14. ҚР мемлекеттік тілі? 15. Дина Нұрпейісова кім? 16. Көлге қашан шомыламыз? 17. Қыркүйек айы жылдың қай мезгіліне жатады? 18. Бүгін сәуірдің нешесі? 19. Бірінші сабақ нешеде басталады? 20. Ағылшын пәні мұғалімінің аты?

«Тапқырлар» тобына:

1. ҚР қандай мемлекет? 2. Мемлекеттік туымыздың түсі? 3. ҚР премьер-министрі? 4. ҚР-дағы ең биік шың? 5. Алғашқы мектепті кім ашты? 6. Септелу неше түрге бөлінеді? 7. Астана күні? 8. ҚР ақшасы? 9. «Әдемі» сөзінің синонимі? 10. ҚР астанасы? 11. Қар қашан жауады? 12. Көптік жалғауларын ата? 13. Біздің мектеп кімнің атында? 14. Күз айларын ата? 15. Сен биыл нешедесің? 16. Жолдасыңның есімі? 17. «Суық» сөзінің антонимі? 18. Асхана нешінші қабатта орналасқан? 19. Бір минутта неше секунд бар? 20. Бір аптада неше күн бар?

Ә) «Күміс қақпа». Өнер алды – қызыл тіл.

Тапсырма: Өр тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді, фразеологизмдердің баламасын тауып, жеті және бес деген киелі сандарға анықтама беру.

«Тапқырлар» тобына:

1. Еңбекке, оқу, білімге, туған жерге байланысты мақал-мәтелдер.

2. Фразеологизмдер.

Өзі – би, өзі – қожа –

Шаш етектен –

Аузыңа – май, астыңа – тай-

Соқыр тиын жоқ –

Табанын жалтырату –

Шаш ал десе, бас алу –

3. 5 қару, 5 жаратылыс, 5 парыз

«Ойшылдар» тобына:

1. Отбасы, тағам, достық тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер.

2. Фразеологизмдер.

Ала көзімен ату –

Айдан анық –

Дөп басу –

Өкпесі қара қазандай болу –

Азан-қазан қылу –

Болар іс болған, бояуы сіңген –

3. 7 ата, 7 күн, 7 қазына.

Б) «Алтын қақпа».

Тапқыр болсаң, талас жоқ.

Ойын деңгейлік тапсырмалар бойынша өтеді.

I. Деңгейлік тапсырма:

Сөздер рейтингісі.

Бір сөзден бірнеше сөз құрау.

II. Деңгейлік тапсырма:

Сөздер аукционы.

Бір топ екінші топтан сөздерді аудару арқылы сатып алады.

III. Деңгейлік тапсырма:

Сөздер мониторингісі:

Берілген сөздермен сөйлем немесе шағын әңгіме құрастыру.

В) «Алтын сандық» – Білгенге маржан.

«Мені түсін» ойыны арқылы мәтінмен жұмыс.

Қорытынды.

–Сонымен, оқушылар, «Қос тіл білу – өмір талабы» деген тақырыппен өткен, «Алтын қақпа» ойынына негізделген сайысымыз да аяқталуға жақын. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда, тұлпардан тұлпар озар шабысқанда» дегендей, бүгінде қос тілді еркін игеріп, өзінің білімі мен ой-өрісін таныта білген жеңімпаз ойыншыларымыз да анықталды. Сарапшылар сайыскерлердің жинаған фишкалары бойынша жеңімпаз топты атайды. Сайыскерлер мақтау қағазымен марапатталады.

Осы жеңістерімен құттықтай отырып, Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін құрметтеп, оны үйреніп, білу қажет екені айтылады. Сыныптан тыс бұл шараны мына өлең шумақтарымен аяқтаған жөн секілді.

Ана тілі – бар білімнің қайнары,

Аталардың өсиеті пайдалы.

Алақаны мейірімді анаңның,

Ұстазыңның жарқын жүзі жайдары.

Ана тілім – тастамайтын әліппем,

Болғаным жоқ әріптерін танып мен.

Өз тілімді жақсы көру арқылы

Достасамыз басқа барлық халықпен!

Анар ШАЯХМЕТОВА,
Ақмола облысының
Шортанды ауданындағы
«Пригородный» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІГЕ АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ СҰРАҚТАР

1. Киіз үйдегі қастерлі орын. (төр)
2. Дәулеткерей Шығайұлы кім? (күйші-композитор)
3. Оқжетпес тауы Қазақстанның қай облысында орналасқан? (Көкшетау өңірінде)
4. Қазақстанмен шектесетін мемлекеттер.
(Ресей, Түркменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай)
5. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салған суретші.
(Әбілхан Қастеев)
6. Атақты «Менің Қазақстаным» әнін жазған композитор. (Шәмші Қалдаяқов)
7. Қазақ, қырғыз халықтарының әдеби мұраларын зерттеген ғалым. (Шоқан Уәлиханов)
8. «Қазақстанның Швейцариясы» атанған жер.
(Көкшетау. Бурабай)
9. Дина Нұрпейісованың ұстазы. (Құрманғазы)
10. Қазақстанның ежелгі қалалары.
(Отырар, Түркістан, Тараз)
11. Қазақстан оңтүстікте қандай мемлекетпен шектеседі? (Өзбекстанмен)
12. Желтоқсан оқиғасы болған жыл. (1986 ж.)

13. Жәңгір ханның хан болып, тарихта қалған баласы.
(Тәуке)
14. Елтаңбаның екі жағында не бейнеленген?
(пырақтар)
15. Тәуелсіздік мерекесі қашан? (16 желтоқсан)
16. 30 тамызда өтетін мемлекеттік мереке.
(Конституция күні)
17. Наурыз мейрамы қашан? (22 наурызда)
18. 1 мамыр қандай мереке?
(Қазақстан халқының бірлігі күні)
19. Наурыз мейрамы– қандай мейрам?
(жаңа жыл мейрамы)
20. «Екінші Мекке» атанған қала. (Түркістан)
21. Күн мен түн теңелетін ай. (наурыз)
22. XX ғасырдың басында «Ақмешіт бекінісі» атанған қала. (Қызылорда)
23. Қаз дауысты Қазыбек қай жүздің биі?
(орта жүздің)
24. «Қазақфильм» киностудиясынан шыққан тұңғыш фильм. (Аманкелді)
25. Қазақтың тұңғыш академигі. (Қаныш Сәтбаев)
26. Қазақстанның жер көлемін анықтаңыз.
(2700 мың шаршы шақырым)
27. Әкеңіздің әкесі сізгі кім болады? (ата)
28. Отбасындағы 2 қыз бір-біріне кім болады?
(апалы-сіңлі)
29. Түркістан қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан? (Оңтүстікте)
30. Қазақ музыкасын әлемге тұңғыш рет танытқан әнші.
(Әміре Қашаубаев)
31. Әйтеке кім болған? (би)
32. Астана қаласына дейінгі Қазақстанның астанасы болған қала. (Алматы қаласы)

33. Қазақ театрының алғаш шымылдығын ашқан пьеса.
(Еңлік-Кебек)
34. Көктемгі табиғат өзгерістері.
(Қар ериді, күн жылынады.)
35. «Жаңбыр жиі жауады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді». Бұл қашан болады? (күзде)
36. Үш жүздің басын қосқан хан.
(Абылай хан)
37. Елтаңбаның авторы. (Ж.Мәлібекұлы, Ш.Уәлихан)
38. Елтаңбаның түсі қандай? (алтын, көгілдір)
39. Ұлттық валюта қашан қабылданды?
(1993 ж, 15 қараша)
40. Тудың ені, ұзындығы қанша метр?
(ені-1, ұзындығы-2)
41. Қазақстан шығыста және оңтүстік шығыста қандай елмен шектеседі? (Қытай Халық Республикасы)
42. Қазақтың тұңғыш кинорежиссері.
(Шәкен Айманов)
43. Кіші планетаға аты берілген қазақтың ғалымы.
(Қаныш Сәтбаев)
44. «Жеті жарғы» заңдар жинағын жазуға қатысқандар.
(Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)
45. Ә.Қастеевтің «Қарындасым» портреті қай өнер түріне жатады? (графика)
46. Қазақ отбасындағы шаңырақ иесі. (ұл)
47. Қазақстанның ең алғашқы астанасы. (Орынбор)
48. Өскемен қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан? (Шығыста)
49. Атақты «Отырар сазы» оркестрінің бас дирижері.
(Нұрғиса Тілендиев)
50. Отырар қаласының ежелгі атауы (Фараб)
51. Бұқаралық ақпарат құралдары. (газет-журналдар, теледидар, радио)

52. Алғашқы қазақ суретшісі. (Ә.Қастеев)
53. Астана қаласынан 140 шақырым жердегі қорық.
(Қорғалжын)
54. Қазақстанда неше облыс бар? (14)
55. Ұлыстың ұлы күні пісірілетін ең басты тағам не?
(наурыз көже)
56. Ақан серінің шын аты. (Ақжігіт)
57. Сахнада Еңлік, Қыз Жібек бейнелерін ойнаған бұлбұл
әнші. (Күләш Байсейітова)
58. Әл Фараби кім? (ғұлама ғалым)
59. Алматы қаласы Қазақстан Республикасының астанасы
болған жылдар. (1929-1997)
60. Мектеп бітіргенде оқушы қандай білім алады?
(орта білім)
61. Домбыра аспаптың қандай түріне жатады?
(ішекті)
62. Ғарышқа ұшқан тұңғыш қазақ азаматы.
(Т. Әубәкіров)
63. ҚР-ның Ата Заңының екінші рет қабылданған жылы.
(1995 ж.)
64. Атырау өңірінде не өндіріледі? (мұнай)
65. Қазақ халқының ежелгі баспанасы. (киіз үй)
66. Ең ұзақ түндер қай айда болады? (желтоқсанда)
67. Қазақтың тұңғыш балеті. (Қалқаман-Мамыр)
68. 22 қыркүйек - Қазақстан халықтарының ...
(тілдері күні)
69. Тұңғыш қазақ театры қайда болды? (Қызылордада)
70. «Адай», «Сарыарқа» кімнің күйлері? (Құрманғазы)
71. «Невада-Семей» қозғалысын кім басқарды?
(О. Сүлейменов)
72. Қазақстанның ең терең көлі. (Алакөл)
73. Көмір қайда өндіріледі? (Қарағандыда)
74. В.В.Радлов кім? (әйгілі түрколог, зерттеуші)

75. Қазақстанның ең тұщы көлі. (Марқакөл)
76. Қазақтың тұңғыш газеті. («Түркістан уәлаяты»)
77. «Қазақстан-2030» бағдарламасы қашан жарияланды? (1997 ж.)
78. Қазақтың қасиетті күні. (жұма)
79. Түркістанның алғашқы атауы. (Иассы)
80. «Екінші Аристотель» атанған ғалым. (Әл Фараби)
81. «Диуани-лұғат-ат-түрік» авторы. (Махмұд Қашғари)
82. Конституция неше тараудан тұрады? (9)
83. Конституцияда неше бап бар? (98)
84. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш. (Т.Бигелдинов)
85. Әбілда Ақшораев спорттың қай түрінен 6 рет жеңімпаз атанды? (тоғызқұмалақ)
86. Сидней олимпиадасының жеңімпазы кім? (Бекзат Сағтарханов)
87. Тұңғыш қазақ гроссмейстері. (Болат Асанов)
88. А.Байтұрсынұлы қай газеттің редакторы? («Қазақ»)
89. Шәкен Айманов еңбек еткен сала. (кино)
90. Айша бибі кесенесі қай қалада? (Таразда)
91. Қазақ музыкасын зерттеуші, композитор. (А.Затаевич)
92. Мұқан Төлебаев кім? (композитор)
93. Қажымұқан кім? (балуан)
94. Күләш Байсейітова кім? (қазақтың бұлбұл әншісі)
95. Қабанбай батырдың шын аты. (Ерасыл)
96. Шешесінің әкесі кім? (нағашы ата)
97. Ядролық қаруға қозғалыс аты. (Невада-Семей)
98. Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен кім? (Р. Қошқарбаев)
99. Қазақтың батыр қыздары. (Әлия, Мәншүк)
100. Соңғы қоңырау қай айда? (мамырда)

111. Исатай кім? (батыр)
112. «Еңлік-Кебек» дастанының авторы.
(Ш.Құдайбердіұлы)
113. Абайдың өмір сүрген жылдары. (1845-1904)
114. Абайдың қара сөздерінің саны қанша? (45)
115. Абайдың шын аты. (Ибраһим)
116. Құрмалас сөйлемнің неше түрі болады? (3)
117. Бір оқу жылында неше тоқсан болады? (4)
118. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? (42)
119. Бір аптада неше күн бар? (7)
120. Жинақтық сан есімдер саны қанша? (7)
121. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
(3)
122. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар саны қанша? (26)
123. Қазақ тілінде ұяң дыбыстар саны қанша? (7)
124. Қазақ тілінде қатаң дыбыстар саны қанша? (12)
125. Қазақ тілінде үнді дыбыстар саны қанша? (7)
126. Осы шақ неше түрге бөлінеді? (2)
127. Қазақ тілінде жалғау саны қанша? (4)
128. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар саны қанша? (15)
129. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны қанша? (9)
130. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? (2)
131. Бір жылда неше мезгіл бар? (4)
132. Есімдік мағынасына қарай неше түрге бөлінеді? (7)
133. Сөйлем айтылу мақсатына қарай неше түрге
бөлінеді? (4)
134. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
135. Етістіктің неше шағы бар? (3)
136. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелер саны қанша? (2)
137. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелер саны қанша? (3)
138. Шылаулар нешеге бөлінеді? (3)
139. Үндестік заңының неше түрі бар? (2)
140. Етістіктің неше райы бар? (4)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ САУАЛДАРЫ

Оқулық авторлары: Ұ.Асыл, Т.Жұмажанова (10-сынып);

Ө.Әбдиманұлы, С.Дүйсебаев (11-сынып)

1. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті шартты түрде қай жылдарды қамтиды?

а) 1990–1915; ә) 1990–1920; б) 1901–1920.

2. XX ғасыр бас кезіндегі әдеби бағыттар қалай бөлінеді? а) діни-ағартушылық, ұлт-азатшыл;

ә) ағартушы-демократтық;

б) діни-ағартушылық, ұлт-азатшыл, ағартушы-демократтық.

3. XX ғасыр бас кезіндегі әдеби бағыттар неше түрге бөлінеді?

а) 3; ә) 2; б) 4.

4. 20-30 жылдардағы көркем шығармалар қандай баспасөздерде жарияланды?

а) «Айқап», «Ешім даласы»; ә) «Қазақ»;

б) «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ», «Ешім даласы».

5. А.Байтұрсынов қандай газет шығарды?

а) «Айқап»; ә) «Тургайская газета»; б) «Қазақ».

6. «Алаш» партиясының негізін құраушы кім?

а) І.Жансүгіров; ә) А.Байтұрсынұлы; б) С.Сейфуллин.

7. М.Дулатовтың шығармаларын белгіле.

а) «Бақытсыз Жамал», «Азамат», «Терме»;

ә) «Қырық мысал», «Малшы мен маса»;

б) «Асау тұлпар», «Домбыра».

8. «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағының авторы кім?

а) А.Байтұрсынұлы; ә) М.Дулатов; б) І.Жансүгіров.

9. С.Торайғыровтың өмір жылдары.

а) 1885–1935; ә) 1893–1920; б) 1883–1938.

10. С.Торайғыровтың романдарын белгіле.

а) «Маса»; ә) «Жолдастар»;
б) «Қамар сұлу», «Кім жазықты?».

11. М.Жұмабаевтың алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталды?

а) «Балалық шақ»; ә) «Шолпан»; б) «Жазғы дала».

12. М.Жұмабаевтың «Толқын», «Жел», «Алатау», «Жазғытұры» өлеңдері қай лирикаға жатады?

а) табиғат лирикасы; ә) махаббат лирикасы;
б) еңбек туралы.

13. М.Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасының идеясы қандай? а) мәңгілік күрес идеясы; ә) батыр образының жасалуы;
б) Қорқыт бейнесін таныту.

14. Қазақстан жазушыларының Бірінші құрылтайы қашан өтті?

а) 1934 ж. маусым айында; ә) 1932 ж. маусым айында;
б) 1933 ж. маусым айында.

15. Ж.Аймауытов романдарын белгіле.

а) «Қанапия-Шәрбану»; ә) «Қартқожа», «Ақбілек»;
б) «Жол үстінде».

16. С.Сейфуллин кім?

а) қоғам қайраткері, жазушы, педагог;
ә) ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері;
б) ақын, аудармашы.

17. С.Сейфуллиннің қандай өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шықты?

а) «Домбыра»; ә) «Өткен күндер»; б) «Экспресс».

18. «Аққудың айырылуы» поэмасының тақырыбы не?

а) достық пен махаббат; ә) достық пен еңбек;
б) ерлік пен достық.

19. І.Жансүгіровтың туған жері.

а) Алматы облысы; ә) Павлодар қаласы; б) Семей облысы.

20. І. Жансүгіровтың алғашқы поэмасы.

а) «Дала»; ә) «Құлагер»; б) «Күйші».

21. Б.Майлин кім?

- а) жазушы, ақын; ә) ақын, педагог, прозаик;
б) ақын, прозаик, драматург.

22. Б.Майлиннің атақты повестерін белгіле.

- а) «Шұғаның белгісі», «Раушан-коммунист»;
ә) «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі»;
б) «Ыбыраймыз, Ыбыраймын».

23. Ж.Жабаевтың өмір жылдары.

- а) 1846–1945; ә) 1845–1944; б) 1845–1942.

24. Жамбылды ақындық өнерге кім үйретеді?

- а) әкесі; ә) Сүйінбай ақын; б) Майлықожа.

25. Жамбылдың Отан соғысы кезіндегі өлеңдерін белгіле.

- а) «Сұраншы батыр», «Ұлы көш»;
ә) «Ленинградтық өрендерім», «Алатауды айналсам»;
б) «Сараң бай мен жомарт кедей».

26. Қазақ драматургиясының негізін қалаушы кім?

- А) М.Әуезов; ә) С.Мұқанов; б) Ғ.Мұстафин.

27. С.Мұқановтың романдарын көрсет.

- а) «Майға сәлем»; ә) «Сұлушаш», «Құланның құны»;
б) «Адасқандар», «Аққан жұлдыз».

28. Ғ.Мүсіреповтің трагедия жанрында жазылған пьесаларын белгіле.

- а) «Қазақ солдатты», «Оянған өлке»;
ә) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты»;
б) «Қос шалқар», «Ер ана».

29. Ғ.Мұстафиннің романдарын көрсет:

- а) «Шығанақ», «Миллионер»; ә) «Ұлпан»;
б) «Сырдария», «Өмір мектебі».

30. Поэма дегеніміз не?

А) оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма;

ә) көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар;

б) оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қара сөзбен жазылған көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.

Гүлнұр НҰРҒАЗИЕВА,
Ю.А. Гагарин атындағы
№3 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Шемониha ауданы.

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін, рухани және мәдени мұраларын сақтау, қалыптастыру, жетілдіру, жастар ортасында әрдайым насихаттау жөнінде көнекөз қариялар ұдайы айтып жүреді. Рухани байлығымыздың көнесі, бағалысы әрі бүгінгі күні аса қажеттісі болып саналатын ұлттық салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттаумен бірге көздің қарашығындай сақтау, жас ұрпаққа ұғындыра түсу өте үлкен маңызға ие. Егер жас буынға, ең алдымен, саналы тәрбие керек десек, оны түбегейлі қалыптастыратын тағы да сол ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер болмақ.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл Фарабидің «Адамға алдымен тәрбие керек, білімі таяз адам – өз халқының дұшпаны» деген сөзі – нағыз шындық. Ұлттық намысқа жетелейтін патриоттық тәрбие беру алдыңғы қатарға шығуы тиіс. Біздің өз бабаларымыз Мұхамед Хайдар Дулати, Әз Жәнібек, Әз Тәуке, Абылай, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Кенесары, Абай, Міржақып, Қаныш, Дінмұхамед, Бауыржан Момышұлы сынды өз заманының біртуар ұлдарының, көрнекті қайраткерлердің үлгі-өнегесін кеңінен насихаттап, ұлттық тәрбиені қолға алмай, оны үйде де, мектепте де жаппай оқытып, көшеде де қадағалауға алмайынша ұрпақ тәрбиесіндегі ізгі мұраттарға жету мүмкін емес.

Ал осы шараларды іс жүзіне асыруға бүгінгі күні бізде жағдай да, жоғарыдан қолдау да бар. Отбасындағы тәрбие жұмысы кенжелеп бара жатқан сияқты. Балаға түсіндіріп, дәстүрімізді үйрететін ата-ана бар ма? Өздері салт пен дәстүрді біле ме?

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениетті үйретудің басты шарты – ана тілі. «Әдеп басы – тіл» даналық сөзі бәрімізді ойландырып, алға жетелейді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әрқилы жөн-жосықтары бар. Оларды отбасында – ата-ана, мектепте – ұстаз, көпшілік ортада көнекөз ақсақалдар жастарға үйретіп, айтып отырса – ұтарымыз мол.

Қазіргі заманғы тұрмысымызға енген салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ғасырлар бойы қалыптасып келе жатыр. Үлгі болсын деген ниетпен біразын айтып өтейін:

- Қара шаңырақ кенже ұлдың қолында қалады. Әке-шешені бағып, қарау да – соның міндеті.

- Үйленген ұлдарын әке-шешелері енші беріп, бөлек отау етіп шығарады.

- Бір рудың жастарына жеті атаға толмай үйленуге рұқсат етілмейді.

- Дүниеге жаңа келген баланың кіндігін кесу инабатты, мінезі жұмсақ, көпке құрметті әйелдерге тиесілі.

- Жиеннен нағашының жолы үлкен.

- Емге сұраған зат сөзсіз беріледі.

- Жасы кіші болса да әкесі үлкеннің жолы үлкен болып саналады.

- Қыздың жолы – жіңішке» деген мақал қатаң сақталады.

- Сәбиді бесікке салу жолы құдағиға немесе сол елдің әжесіне, ел сыйлаған жасы үлкен анасына беріледі. Бесікті отпен аластайды.

- Бата беру, ас қайыру қонақтың немесе ақсақалдың, жолы үлкеннің үлесінде.

- Алыстан қонақ келсе ауылдың үлкен-кішісі келіп сәлем береді.

- Үйге келген кісіге «кімсің?», «неге келдің?» демейді, төрге шығарып, қонақасы береді.

- Көшіп келе жатқандарға «Көш оң болсын» деп, ат шалдыртып, дәм-тұз ұсынады.

- Үйге келген адам шаруасын тұрып айтпай, отырып болған соң, асықпай айтады.

- Ақты (айран, сүт) жерге төкпейді, төксе малдың желіні кетеді.

- Сәрсенбі – сәтті күн. Қазақ игі істерді, қызық, қуанышты осы күні бастайды.

- Бейсенбі, жұма – исламның қасиетті күндері. Бұл күндері әр мұсылман аруақтарды еске алып, дұға бағыштайды.

- Елшіні өлтірмейді. «Елшіге өлім жоқ» деген сөз содан қалған.

Ата – бабаларымыздан бері қарай жалғасып, қазіргі кезде де сақталып келе жатқан балаға (нәрестеге) байланысты әдет-ғұрыптар бар: Енесі нәресте дүниеге келмей тұрып, аяғы ауыр келіні аман-есен босансын деген ниетпен көрші – қолаң әйелдерді, жақын абысындарын шақырып, «Құрсақ шашу» жасайды. Бұл жиынға шақырылған әйелдер келінге шашу шашып, енесіне көрімдік береді.

Баланың кіндігін кескен әйелді «кіндік шеше» тағайындау әдеті бар. Ол әйелге киіт, көйлек кигізіп, сый-сияпат көрсетеді.

Нәрестенің дүниеге келу құрметіне арнап «шілдехана» жиынын жасайды. Оның негізгі мақсаты – ана мен баланы тіл көзден сақтап, ол үйдің маңайын қырық күн бойы күзетіп, жын-шайтанды жолатпау. Жаңа босанған әйелге арнап «қалжа мал» (қой) сойылады. Еттен тазартылған мойын омыртқаның жұлын қуысына шыбық немесе ши кигізіп, үйдің қабырғасына іледі. Бұл ырым баланың мойыны тез бекісін деген ниеттен туған.

Бесік той тұңғыш балаға жасалады, ал одан кейінгі туған балаларға «бесікке салу» кәдесі атқарылады. Бесіктің жасауын нәрестенің нағашылары дайындайды.

Жас нәресте жүре бастағанда оның ата-анасы балаға арнап «тұсау кесер» рәсімін жасайды.

Мұсылман қауымы арасында кең тараған әдет-ғұрыптың ең бастыларының бірі – ұл баланы сүндетке отырғызу рәсімі. Бұл дәстүрдің бәріне қазақ қоғамында діни, саяси, әлеуметтік мән берілген.

Жалпы, қайтыс болған адамды шығарып салуға байланысты жетісін, қырқын және жылын атап өту, асын беру тәрізді қалыптасқан құрбандық мерзімдерінің шығу тегін сөз еткенде, осы тақырыпқа қалам тартып, зерттеп жүрген зерттеушілердің барлығының дерлік пікірі бір жерден шығады. Алайда, бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Ислам дінінің салты бойынша құрбандық тек Ибраһим пайғамбарды еске түсіру құрметіне – құрбан айтта ғана шалынады. Ал, қазақтар болса кез келген қиындық басына түскенде, тәңірінің атына малды құрбандыққа шалып, аруақтардың басына барып, мінәжат ете береді. Қазақтарда аруақтарды қастерлеу салты – қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, тағы басқа да шешуші сәттерде аруағын көмекке шақырады, өмірдегі барлық жақсылықты, сәттілікті аруақтардың көмегі жебеді» деп түсінеді» деп ой түйіндейді.

Тізіп айта берсек, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері сан алуан. Тұрмыс-тіршіліктің әр саласына қатысты өз салты бар. Біз солардың теңіздегі тамшыдай ғана бір бөлігіне тоқталдық.

Жалпы алғанда, қай салт-дәстүр болмасын, әдет-ғұрып болмасын ол халықты ынтымаққа, бірлікке, адамгершілікке, тазалыққа бастайды. Үлкендерді сыйлауға, ата-ананы құрметтеуге үндейді, кішіпейілділікке, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып – қазақ халқының сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан өмірлік қағидасы, ұлттық рухымыздың негізі.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 04.12.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1400. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№12, 2012 ж., 144 бет, Алматы.